



ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТА


«Цифрлық теңге» пилоттық режимде іске қосылды

2



Геосаяси бәсеке: АЙМАҚТАҒЫ КҮШТЕР ТЕҢГЕРІМІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

4



ҚҰМАР ОЙЫН – ҚОҒАМ ДЕРТІ

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №137 (6430) 16 қараша, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАҒИДАТЫ

ҚОҒАМНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ержан Сәденовпен, Бас прокурор Берік Асылловпен, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевпен, сондай-ақ басқа да салалық ведомстволардың басшыларымен кездесіп, консультациялар өткізді.



Президент заңның сақталуына, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға қатысты мәселелерге баса мән берді. Заң мен Тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуға тиіс екеніне маңыз берді. Қазіргі қалыптасқан жағдай көшедегі мәдениетсіздіктен бастап төбелес, ұрлық, кісі өлтіруге дейінгі

құқықбұзушылықтың барлық түріне ымырасыз қарсы тұруды талап етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев осындай келеңсіздіктермен тұтас қоғам болып күресу керек деп санайды. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік және бұзақылық сияқты Заң мен Тәртіп бұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін әрі оны қатаң

айыптайтын жағдай қалыптастыру қажет. Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің батыл түрде жолын кесу керек. «Заң бәріне бірдей. Азаматтарымыз зандылықты нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды. Әділетті Қазақстан – Заң мен Тәртіп үстемдік құратын ел», – деді Президент.

2

«МЕДЕУ» ШАҚЫРАДЫ!

Мұз айдыны жаңа маусымын ашты

Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін «Медеу» биік таулы мұз айдынында жаппай сырғанау 15 қарашада, сағат 10.00-ден бастап қолжетімді болды. Ал маусымның салтанатты ашылу рәсімі сағат 13.30-да өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мұз айдынының ашылу бағдарламасында коньки тебушілердің мұздағы перформанстары, жұлделер ұтыс ойыны, флэшмоб, әртістердің қойылымдары, сондай-ақ кешеннің ең белсенді қонақтарына арналған сыйлықтар бар.

«Медеу» – Алматы қаласының маңына орналасқан, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте әрі еліміздің ең басты мұз айдыны. Сеанстардың кестесімен және олардың бағасымен «Медеу» мұз айдынының <https://medeu.kz> ресми сайтында танысуға болады. Билеттерді «Медеу» мұз айдынының сайтында, кешеннің кассасында, сондай-ақ kaspi.kz және Halyk Bank мобильді қосымшалардан онлайн сатып алуға болады.



Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

16.11.2023

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

17.11.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАҒИДАТЫ

ҚОҒАМНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС

(Басы 1-бетте)

Президент Ішкі істер министрлігіне елорда мейрамханаларының бірінде болған кісі еліміне қатысты резонанс тудырған оқиғаны ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Республика күні қарсаңында өткен жиында сөйлеген сөзінде Әділетті Қазақстанды құру үшін құқықтық мәдениетті дамыту қажет деген болатын: «Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдіске бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркеніетті болады. Бұл – заңдылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, береке-бірлік те, бакуатты тұрмыс та болады».

Мемлекет басшысы кездесулер мен консультациялар барысында қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдары мен сот инстанциялары қызметкерлеріне айрықша жауапкершілік жүктелетінін атап өтті.



● ҰЛТТЫҚ БАНК

ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТА

Алматыда өткен Қаржыгерлер конгресінде «цифрлық теңге» пилоттық режимде іске қосылды



Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің XI Конгресі аясында ұлттық цифрлық валюта – «Цифрлық теңгені» айналымға енгізу жобасының алдын ала қорытындысы жарияланды, деп хабарлайды ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Ұлттық Банкі екінші деңгейлі банктер мен олардың клиенттерінің қатысуымен цифрлық теңге платформасын пилоттық режимде іске қосты. Платформаның архитектурасы цифрлық теңгені екінші деңгейлі банктер клиенттеріне қызмет көрсететін банктің мобильді қосымшасында цифрлық шот ашу арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан қаржыгерлерінің Конгресі аясында Ұлттық Банк қатысушы банктердің пайдасына олардың цифрлық шоттарына және одан әрі банктер клиенттерінің цифрлық шоттарына цифрлық теңгенің алғашқы эмиссиясын жүргізді.

Сондай-ақ, цифрлық теңгені пайдалану арқылы шынайы түрде алғашқы бөлшек транзакциясы жасалды.

Цифрлық шоттар арасында төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу функционалынан басқа, «смарт-келісімшарт» технологиясын пайдалана отырып, әлеуметтік қолдау шаралары аясында есеп айырысуды автоматтандыру үшін Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп іске асырылған «цифрлық ваучерлерді» пайдалану сервисі де жұмыс істейді.

Сонымен бірге, қатысушы банктер халықаралық төлем жүйелерімен ынтымақтаса отырып цифрлық карталар шығарды. Олар өз ұстаушыларына екінші деңгейлі банктерінің қолданыстағы төлем инфрақұрылымымен арадағы интеграцияның «тігіссіз» есебінен жеке және заңды тұлғалармен әдеттегі режимде цифрлық теңгенің төлемдері мен аударымдарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша 2023 жылғы 15 қарашада шектеулі ортада және нақты пайдаланушылармен цифрлық теңге платформасы іске қосылды. Цифрлық теңгені толықтай енгізу ісі оның сервистерін, пайдалану сценарийлерін және платформаға қатысушылар ортасын кеңейту арқылы 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қарапайым экономика:

ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазақстан өзінің цифрлық ұлттық валютасын шығару бойынша жұмыстарын пысықтап келеді. Цифрлық теңге бойынша Ұлттық Банк шаралары 2021 жылы басталған болатын. Жоспар бойынша дайындық жұмыстары 2025 жылы аяқталып, сол жылы цифрлық теңге жаппай қолданысқа енгізілуі тиіс.

Цифрлық теңгенің қағаз теңгеден айырмашылығы бар ма? Ол криптовалюта ма?

Цифрлық теңгені кәдімгі қағаз теңгенің цифрлы көшірмесі деп атауға болады. Екеуінің атқаратын қызметі бір. Тек банкнотаны біз қағазға басатын болсақ, оның цифрлы баламасына ондай шығындар қажет емес. Тура сол теңге, бірақ қағазға басылмаған, электронды әмиянда сақталатын ақша деп айтсақ болады.

Басты айта кетерлігі, цифрлық теңге ешқандай да криптовалюта емес. Цифрлық теңгеге жауап беретін мекеме бар, ол – Ұлттық Банк. Ұлттық Банк цифрлық теңгені шығарады, осы қызметті басқарып отырады. Ал криптовалюталар орталықсыздандырылған. Олар үшін ешкім жауап бермейді. Олар күрт құнсызданса да, жоқ болып кетсе де, бірде-бір жан жауапкершілік арқаламайды. Криптовалюта құны күн сайын орасан құбылып тұратынын білеміз. Ал цифрлық теңге құны қолма-қол теңге құнымен бірдей болады. Криптоәлемнен цифрлық теңге тек блокчейн технологиясын алды. Онда бірегей цифрлық реттілік (токен) немесе арнайы электрондық әмиянда сақталатын электрондық жазба принципі қолданылмақ.

Цифрлық теңгеде жаңа функциялар бола ма?

Цифрлық теңгенің басты артықшылығы – қауіпсіздігінде. Бұл ақшаны сізден алаяқтар ұрлап кете алмайды. Оның қайда барғаны, кімге

түскені барлығы көрініп отырады. Алаяқтар ол жазбаны өшіре алмайды. Екінші жағынан – цифрлық теңгені шығаратын орталық адамның жеке өмірінің құпиялылығына кепілдік беріп отыр. Яғни заң бұзылмаса, сіздің ол цифрлық теңгені қалай және қайда жұмсайтыныңыз құпия болады.

Қалай қолданамыз?

Жалпы біз үшін ешқандай айырмашылық болмайды. Онсыз да қағаз ақшаны мүлде ұстамайтын болдық. Қазір төлемдерді банк қосымшаларындағы QR код арқылы төлей береміз. Немесе аударымдар жасай саламыз. Цифрлық теңгеде де тура солай. Цифрлы әмияннан немесе банк қосымшаларынан ақша аударуға, төлемдер жасауға бола береді. Ал ең басты артықшылығы – цифрлық теңгемен интернет жокта да қолдана беруге болады. Ол смартфондағы цифрлы әмияндарды NFS арқылы байланыстыра алады. Яғни зат сату, сатып алу үшін интернет қажет емес.

Цифрлық теңге 2021 жылдан бері түрлі тесттерден өтіп келеді. 2021 жылы Ұлттық Банк технологиялық және операциялық тәуекелдерді бағалау бойынша пилоттық жобаны іске қосып, нарыққа қатысушылармен және сарапшылар қауымдастығымен, халықаралық серіктестермен талқылаулар өткізді. 2022 жылы прототип сынаққа шығып, іске қосылған Digital Tenge Hub коллаборативті алаңында IT және қаржы нарығының адамдары прототипті өзара тесттен өткізді. Биыл цифрлық теңгенің өнеркәсіптік және эксперименттік контуры құрылды. Жұмыстың барлық нәтижесі 2023 жылдың желтоқсан айында қорытынды баяндамада жарияланады.

Осылайша Қазақстан өзінің ұлттық цифрлық теңгесін 2025 жылы қарсы алатын болды. 4 жылғы табанды еңбектің нәтижесін асыға күтіп отырмыз. Болашақта еліміз банкнот басудан, яғни қағаз бен бояу шығындарынан кетеді деп ойлаймын. Қағаз ақша тарихта қалса да, цифрланған төл теңгеміз бізбен бірге болашаққа аттанбақ.

Айбар ОЛЖАЕВ,
экономист-сарапшы.



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:



МЕМЛЕКЕТТІК ДЕНГЕЙДЕ ДӘРІПТЕЛУІ КЕРЕК

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында заңдылық пен тәртіп қағидатын орнықтыру ісі вандализм, балаларға қарсы қылмыс, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты жағымсыз құбылыстармен күрестен басталатыны жайлы пікір білдіріп, жазба қалдырды.

Кеңесші тұжырымдағандай, қоғамда қылмысқа мүлдем төзбеушілік қағидаты, ал мемлекеттік деңгейде заң мен тәртіп қатаң сақталу қағидаты дәріптелуі керек.

«Мұндай құқықбұзушылықтарға қойылатын алғашқы және өте маңызды тосқауыл – азаматтардың оларға бей-жай қарамауы. Сондықтан елімізде жүргенсіздіктің, озбырлықтың және қылмыстың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік ұстанымын қалыптастырудың мән-маңызы зор. Қоғамда белсенді азаматтық көзқарас үстемдік құрып, ізгілік, тілектестік, өзара көмек сияқты басты құндылықтар дәріптелуге тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың қауіпсіздігі мен олардың құқығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес мәселелері туралы үнемі айтады. Оның сөйлеген сөздерінен дәйектілік және мызғымас ұстаным байқалады. Президент жүргенсіздіктің кез келген түріне, вандализм мен зорлық-зомбылыққа қатаң тосқауыл қою керек, әсіресе, әйелдер мен балаларға қарсы қылмыс үшін жазаны күшейту қажет деп есептейді. Қазақстанда 2020 жылдан бері отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жолында жүйелі шаралар қабылданып келеді.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамаларын іске асыру аясында полицияның тиісті бөлімшелерінің штаттық саны артты, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық істерін қарау үшін тергеуші-әйел мамандығы енгізілді. Заңнамадағы соңғы түзетулерге сәйкес, енді мұндай қылмыстар тек жәбірленуші арызының негізінде ғана емес, сонымен бірге куәгерлердің, көршілердің мәліметі, бейнекамералардың жазбасы және т.б. негізде анықталатын болады. Бұдан бөлек, қазір бір рет ымыраға келген тараптардың кейін қайта татуласуына жол берілмейді. Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әрине, қоғамда басқа көзқарас та бар. Кейбіреулер заңнаманы одан әрі қатандату мұндай қылмыстардың ашылу көрсеткішін төмендетеді деп есептейді. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, жазаның қатандығы және одан бұлтару мүмкіндігінің болмауы – қылмысқа қарсы іс-қимылдың ең тиімді тетігі.

Бұл мәселені тек заңнамаға өзгеріс енгізу арқылы шешу мүмкін емес. Сонымен бірге, азаматтардың көзқарасы, моральдық ұстанымы да өзгеруі керек. Осындай әрекеттерге көз жұмып қарайтын болсақ, онда мемлекет қабылдап жатқан шаралардан еш нәтиже шықпайды. Яғни деструктивті мінез-құлықтың кез келген түріне қарсы күрес кешенді іс-қимылды талап етеді. Қоғамда қылмысқа мүлдем төзбеушілік қағидаты, ал мемлекеттік деңгейде заң мен тәртіп қатаң сақталу қағидаты дәріптелуі керек. Сондықтан мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жүргенсіздік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудың тиімділігін арттыру үшін күш жұмылдырып, ортақ амал-тәсіл әзірлеуі қажет, – деп тұжырымдаған Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

АЛМАТЫДА ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жүктерді жеткізу мерзімі едәуір қысқарады

Алматы облысында Алматы стансасын айналып өтетін теміржол желісінің құрылысы басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуда маңызы зор инфрақұрылымдық жоба іске асырылып отыр.

2022 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол жүк тасымалы 23 млн тоннадан артып, тарихи максимумнан асты. 2023 жылдың басынан бері аталған көрсеткіш тағы 22%-ға өсті. Мұндай жағдайда негізгі халықаралық бағыттардың қиылысында орналасқан Алматы теміржол торабына жүктеме артатыны белгілі. Сонымен қатар, жобаны іске асыру Алматы стансасын айналып өтетін Жетіген–Қазыбек бек жаңа теміржолына жүк ағынын қайта бағыттауға мүмкіндік береді. Жалпы, жаңа желі Алматы торабындағы жүктемені 40%-ға азайтып, жүк жеткізу уақытын едәуір қысқартады.

Теміржол желісінің алғашқы буынын төсеу рәсіміне Үкімет басшысы Әлихан Смайылов қатысты. Ол «Алтынкөл-Қорғас» шекаралық өткелі арқылы өтетін теміржол бағыты соңғы жылдары қарқынды өсім көрсеткенін атап өтті.

«Аталған транзиттік дәлізде Алматы теміржол торабы Шу, Ақтоғай, Алтынкөл және Алматы-2 бағыттары бойынша пойыздардың қозғалысын қамтамасыз етеді. Жобаны іске асыру жүктерді жеткізу мерзімін 2 есеге қысқартады».

Спикер сондай-ақ, жобаны жүзеге асыру барысында қазақстанның үлесі кемінде 85% болатынын айтты. Құрылыс кезінде 1400 адам жұмыспен қамтылып, желі іске қосылғанда шамамен 500 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады. Шпал, рельстер мен трансформаторлар шығаруды, инертті материалдар, құм және қиыршық тастарды жеткізуді жергілікті компаниялар жүзеге асырмақ.

Жалпы құрылыс процесінде 130 шақырымға теміржол төселеді, 3 станса, 13 көпір, 5 т/ж және 1 автокөлік өткелі салынады.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қалтай СӘМБЕТОВ,
құрметті теміржолшы, еңбек
ардагері:

БҮЛ ЖОЛДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Жетіген–Қазыбек бек бекеттерінің арасында теміржолшылар көптен күткен жол құрылысы басталды. Бұл жолдың маңызы зор, өйткені ол ел экономикасының дамуына, өсіп-өркендеуіне ықпал етеді. Аталған теміржол бағыты Қазақстан мен Қытай, Орталық Азия мен Ресей арасындағы транзиттік мүмкіндіктерді едәуір арттырады.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары:

АЛМАТЫ ТОРАБЫН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Біз Алматы торабын айналып өтетін теміржол желісінің құрылысын бастаймыз. Ол Орталық Азияға, Еуропаға және Каспий теңізі порттарына бағытталған транзиттік жүктердің өтуін жылдамдатады. Бұл желі соңғы уақытта қарқынды дамып келе жатқан Алматы торабын жеңілдету үшін өте қажет. Әсіресе, Алматының маңы. Өнеркәсіп дамып келеді. Өткізу қабілетін қажет ететін көлік-логистикалық орталықтар салынууда. Бүгінде Алматы торабына келетін жүк 1,5–2 тәулікке кешігіп жатыр. Алайда, жаңа теміржол желісінің арқасында тораптың жұмысы айтарлықтай жақсарады. Менің ойымша, мұнда қызмет көрсетілетін барлық жүк жөнелтушілер мен жүк алушылар мұны бірден сезінеді. Бұл жұмыс еліміздің көлік-логистикалық мүмкіндіктерін дамытуға қатысты Президенттің Жолдауын іске асыру шеңберінде жүргізіліп отыр. Бүгінде республикада жүктерді жедел өткізу үшін шын мәнінде қолайлы жағдайлар жасалуда.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН

Жамбыл облысына су беру туралы келісімге келді

Қазақстан мен Қырғызстан Жамбыл облысының суармалы жеріне су беру туралы келісімге келді.

Бішкекте өткен кездесуде еліміздің мүддесін министр Нұржан Нұржігітов қорғады. Келіссөздер қорытындысы бойынша Талас өзеніндегі «Түйте» каналы арқылы су беруді қалпына келтіру бойынша іс-шаралар атқару туралы шешім қабылданды, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің Қырғыз Республикасының Ауыл шаруашылық министрі Асқарбек Жәнібековпен кездесуі кезінде Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі бірлескен Комиссияға тиісті тапсырма берілді. Елімізге су жіберуді жақсарту үшін мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы нысандарының тізбесін кеңейту қажеттігі айтылды. Мәселен, қазақстандық тарап осы тізбеге Күркіресу өзеніндегі құрылыстарымен («Ақмолда»), «Қаратақы» және «Төментамға» арналарын, Шу өзеніндегі «Колос» каналын және Талас өзеніндегі құрылыстарымен бірге «Кож» каналын енгізуді ұсынады.

• Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі бірлескен Комиссияның келесі отырысы 14 желтоқсанда Алматы қаласында өтеді.

Бұған дейін Нұржан Нұржігітовтің өзбекстандық әріптестерімен кездесуі барысында тараптар 1 сәуірге дейін Түркістан және Қызылорда облыстарына 11,1 текше шақырым су, оның ішінде Арал теңізіне 1,6 млрд текше метр су жіберу туралы келісімге келген болатын.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан НҮРЖІГІТОВ,
ҚР Су ресурстары және ирригация министрі:

– Биыл Жамбыл облысының шаруалары Шу және Талас өзендерінің бассейндерінде суармалы су тапшылығын сезінді. Сондықтан осындай жағдайдың қайталануына жол бермеу үшін қырғыз әріптестерімізбен бірге Шу және Талас өзендерінің бассейндерінде келесі вегетациялық кезеңді дұрыс жоспарлау бойынша жұмысты алдын ала жасау өте маңызды.

БІРЛЕСКЕН КОММЮНИКЕ

Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан Еуропаға «жасыл» энергия экспорты бойынша жоба жасайды

Баку қаласында өткен Әзербайжан, Өзбекстан және Қазақстан энергетика және экономика министрлерінің Орталық Азия елдерінен Әзербайжан аумағы арқылы Еуропаға электр энергиясын экспорттау перспективаларын талқылау жөніндегі кездесуінде тиісті келісімге қол жеткізілді.

Кездесу қорытындысы бойынша ведомство басшылары бірлескен коммуникацияға қол қойды, онда елдердің жаңартылатын энергия саласындағы әлеуетін және баламалы көздерден алынған электр энергиясын Еуропаға экспорттау жобасына қосылуға дайындығын атап өтті.

Қатысушылар жаңартылатын энергия көздеріне баса назар аударатын энергия алмасу саласындағы, жасыл сутегі мен жасыл аммиакты әзірлеу және экспорттау мүмкіндіктері және ілесіп инфрақұрылымдық саласындағы ынтымақтастық жөнін-

дегі техникалық тапсырманы әзірлеу үшін бірлескен жұмыс тобын құру туралы келісімге келді. Әзірленген және бекітілген техникалық тапсырма негізінде алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға тендер жарияланады. Сондай-ақ, қатысушылар жобаны іске асыру үшін бірлескен кәсіпорын құру перспективасын зерделеуге келісті.

Экономика және энергетика министрлері деңгейіндегі келесі кездесу Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өтеді.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді

Полиция өтініш берушіден тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің анықтау сипатына көшті. Жаңа түзетулер жәбірленушілердің өтінішінсіз әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР Ішкі істер министрлігі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша хаттама жасау үшін қазір куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіштің жазбалары жеткілікті. Соңғы шешімді сот қабылдайды.

Тараптарды қайта татуластыру

мүмкіндігі алынып тасталады. Бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың жартысы татуласту үшін сотта тоқтатылған болатын. Бұл агрессордың немесе туыстарының сендіруі немесе қысымы нәтижесінде пайда болды. 1 шілдеден бастап сотта тек бір рет татуластуға болады. Бұл зардап шеккендерге психологиялық қысым жасауды тоқтатуға мүмкіндік береді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды.

Тұрмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің күшейтілуі нәтижесінде, соңғы төрт айда (шілде-қазан) жауапқа тартылғандар саны артқан. Қамауға алын-

ған агрессорлардың саны 2 есе өсті. Биылғы жылы барлығы 60 мың (60741) құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оларға қатысты 75 мың қорғаныс ұйғарымы шығарылды. Соттар құқық бұзушылардың мінез-құлқына 12 мың ерекше талап қойды.

Жалпы, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралардың нәтижесінде биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеу 20%-ға, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар 4,2%-ға, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған ауыр қылмыстар 12%-ға төмендеген.

WORLD SKILLS-2023

22 қарашада республикалық чемпионат басталады

Биылғы 22 қарашада «Евро» халықаралық көрме орталығында WorldSkills–2023 республикалық чемпионаты өтеді.

Чемпионатта еліміздің 20 өңірінен 545 студент пен 520 сарапшы бақ сынасады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Мақсат – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, озық тәжірибелер мен кәсіби стандарттарды енгізу, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде сараптамалық қоғамдастықты дамыту және т.б. Республикалық чемпионат қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар 2024 жылдың 10–15 қыркүйегі аралығында Францияның Лион қаласында өтетін халықаралық WorldSkills чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақзира ҚАСЫМОВА,
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті директорының орынбасары:

ЖЕТІ БАҒЫТ ЖӘНЕ ОТЫЗ ҚҰЗЫРЕТ

Чемпионат 7 бағыт және 30 құзырет бойынша өтеді. WorldSkills чемпионатының ашықтығын қамтамасыз ету үшін сарапшыларды таңдау және бағалау жұмысы автоматтандырылған. Ұлттық оператор биыл алғаш рет WorldSkills стандарттары бойынша 400 өңірлік сарапшыны оқытты, бұл оларға критериялды бағалаудың мәнін, оның ішінде ашықтық пен сапаны қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді ұғынуға мүмкіндік берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz).



САРАПТАМА

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘНІ:

ҰРПАҚ НЕСІБЕСІНЕ ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ

2015 жылы БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын бекіткен еді. Ұзын саны 17 мақсат пен оған жетуді көздейтін 169 міндеттерді 2030 жылға дейін жүзеге асыруға әлем елдері уағдаласқан. Ол оған дейін қабылданған Мыңжылдық даму мақсаттарының орнын басты. Мұндай мақсаттар не үшін қажет, жалпы қажет пе? Екі даму мақсатының айырмашылығы қандай? Мінеки, осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

Басты мақсат – кедейлікпен күрес

2000 жылы әлем елдері БҰҰ Штаб пәтері Нью-Йоркте жиналды. Мыңжылдық саммитінде ұйымға мүше мемлекеттер алдағы даму мақсаттарын белгілеген. Жаңа мыңжылдықта шешілуі тиіс мәселелер бар-тұғын. Жаһандық экономикалық теңсіздік, әлеуметтік даму, қоршаған ортаны қорғау, адам құқығын қорғау және гендерлік теңдік сияқты мәселелер қордаланып қалған еді. Бұларды шешу үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару қажет екені белгілі болды. Осы орайда 1998 жылы Мыңжылдық саммитін өткізу туралы шешім қабылданды.

2000 жылы 6–8 қыркүйекте Саммит «XXI ғасырдағы БҰҰ-ның рөлі» атты тақырыпта өтті. Шара соңында «Мыңжылдық Декларациясы» қабылданып, 8 даму мақсаты бекітілді. Бұл мақсаттарға 2015 жылға дейін жетуге қол қойған мемлекеттер уағдаласты. Ондағы басты мақсат – шектен шыққан кедейлікпен күрес. Ұзын саны 189 мемлекет келесі даму мақсаттарын айқындады:

1. Шектен шыққан кедейлік пен аштықты жою;
2. Жалпыға бірдей бастауыш білім берумен қамтамасыз ету;
3. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту;
4. Бала өлімін азайту;
5. Аналарды қорғау;
6. АИВ/ЖИТС, туберкулез және өзге де аурулармен күрес;

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS
17 GOALS TO TRANSFORM OUR WORLD

7. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;

8. Даму мақсатында жаһандық әріптестікті қалыптастыру.

Шектен шыққан кедейлік десе түсінбеуіміз мүмкін. Біздіңше айтқанда, тақыр кедейлікпен күрес. БҰҰ-ның есебі бойынша күніне әр адам 1,25 АҚШ долларына дейін жұмсаса, ол тақыр кедей болып саналады. 2015 жылы әлемде тақыр кедейлердің саны азайды. 1990 жылы дамушы елдерде 47% болса, 2015 жылы 14%-ға төмендеген.

Жалпыға бірдей бастауыш біліммен қамтамасыз ету бойынша да оң өзгеріс байқалған. 2000 жылы бастауыш сыныпқа бармайтын балалардың саны 100 млн болса, 2015 жылы 57 млн-ға төмендеген. Гендерлік мәселе де алға жылжу байқалған. Қыз балалардың мектепке бару көрсеткіші мен әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге араласу көрсеткіштері жақсарған.

Ана мен бала денсаулығын қамтамасыз ету сияқты күрделі мәселе де оң шешімін тапқан. 1990 жылы 5 жасқа дейінгі балалардың өлімі

12,7 млн болса, 2015 жылы 6 млн-ға түскен. Ананың өлімі 45%-ға түскен.

АИВ/ЖИТС инфекциясымен ауыратындардың саны 40%-ға азайған. Экологиялық мәселе ұшығып тұрғанына қарамастан аз да болса өзгеріс бар. Бұл мақсаттарға жету үшін қаражат қажет. Әсіресе, дамушы және артта қалған мемлекеттерге қаражат ауадай қажет. Осы орайда БҰҰ даму мақсаттарын бекіткен кезде әр ел ЖІӨ-нің 0,7%-ын өзге елдерге көмек ретінде беру мүмкіндігін енгізген еді. Дания, Люксембург, Норвегия, Біріккен Корольдік және Швеция бұдан да көп қаражат бөлген.

Әлі де атқарар жұмыс көп

Қол жеткізген жетістіктерге қарамастан әлем әлі де кедейліктен, гендерлік теңсіздіктен, экологияның нашарлауынан арылған жоқ. Соған сәйкес, 2015 жылы БҰҰ 17 орнықты даму мақсатын бекітті. Мақсаттарға жету үшін 169 міндет қабылданды. 2030 жылға дейін

барлық мақсат пен міндеттер жүзеге асуы керек. Осы орайда мынадай заңды сұрақ туындайды. Алдыңғы мақсатпен мұның айырмашылығы қандай?

2000 жылы жалпы даму мақсаттары қабылданған. Ал 2015 жылы «орнықты даму мақсаттары» бекітілді. Мұндағы негізгі сөз «орнықты» даму. Оның концепциясы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салалардың бірігуі арқылы құрастырылған. Яғни экологияға зиян келтірмей, өскелең ұрпақ жайлы ойлай отырып даму үрдісі. Қазақша айтқанда, Табиғат-ананы аялай отырып, ұрпақтың несібесіне қиянат жасамай даму.

Орнықты дамудың 17 мақсаты келесідей: кедейлікті жою; аштықты жою; денсаулық пен амандық; сапалы білім беру; гендерлік теңдік; таза су мен санитария; қолжетімді әрі таза энергия; лайықты жұмыс пен экономикалық өсу; индустриализация, инновация мен инфрақұрылым; теңсіздікті төмендету; тұрақты қалалар мен елдімекендер; жауапты тұтыну мен өндіру; климаттың өзгеруіне қарсы күрес; мұхит экожүйелерін қорғау; құрлық экожүйелерін қорғау; бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар; тұрақты даму мүдделеріндегі әріптестіктер.

Көріп тұрғанымыздай, бұл мақсаттар «Мыңжылдық мақсаттарға» қарағанда ерекше. Бастапқыда тақыр кедейлікпен күрес болса, қазір кедейлік пен аштықпен күрес жүруде. Енді бәрін жалпыға бірдей бастауыш біліммен қамтамасыз ету емес, сапалы білім беру мәселесі алдыңғы орынға шықты.

Орнықты дамудың басым бөлігі экологиялық мәселелерге арналған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ұсынған үнемшілік «жауапты тұтыну мен өндіруге» сай келеді. Одан басқа мұхит пен құрлық экожүйелерін қорғау да экологиялық бастамаларға жатады. Сол сияқты, қолжетімді әрі таза энергия, яғни жасыл экономика жайлы да Жолдауда айтылған еді. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, орнықты даму мақсаттары мен біздің ішкі саяси бағдарымыз бір жерде тоғысқан. Сондықтан орнықты даму мақсаттарын жүзеге асыру өзіміз үшін де қажет.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Геосаяси бәсеке:

ҚАРБАЛАС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АЛМАСУЛАР

Аймақтағы күштер теңгерімі өзгере ме?

Орта Азиядағы дипломатиялық іс-қимылдардың жиілігі сырт тараптың да назарын аудартады. Ресей Президентінің Қазақстанға сапарынан кейін аймақтағы қызып жатқан бәсеке шетелдік ақпарат құралдарында да көптеп талқыланды. Отандық және шетелдік сарапшылар аймақтың геосаяси маңызының арта түсуіне түрлі қырынан себеп тауып көрсетеді. Бірі әлемдегі энергия көздеріне болған сұраныстың жаңа деңгейге көтерілуі десе, енді бірі ірі державалардың бәсекелік қарым-қатынасында деп санайды. Қалай болған күнде де бұл үрдіс Қазақстанды қамтыған осы аймақтағы ішкі интеграцияға, сондай-ақ, күштер теңгеріміне де өз әсерін беруде. Тіпті, бұған дейін Мәскеудің дәстүрлі ықпал етуші елдеріне ендігі жерде АҚШ, Қытай, Еуропалық одақ немесе Иран сынды өзге күш орталықтары таласып жатыр ма деген қауесеттер де еміс-еміс естіліп қалады. Олай болса, қарбалас дипломатиялық алмасулардың сәл саябырсыған тұсында, аймақтағы жағдайға тағы бір назар аударып көрмекпіз.

Белсенді іс-қимылдар мен қадамдар

Биыл аймақ елдері үшін тәуелсіздігінен бері қарай дипломатиялық іс-қимылдарға толы, ең бір қарбаласы дипломатиялық жыл болғандай. Әсіресе, мамыр айынан бастап Орта Азия сырттағы ірі күш орталықтарымен ай құрғатпай дипломатиялық алмасулар жасады. Мамырдың орта шенінде Қытайдың Сиань қаласында «Орта Азия – Қытай саммитінің» өтуі аймаққа қызығушылық танытқан өзге тараптың да белсенділігін бірден оятты. Әрине, Сиань саммиті аймақтың геостратегиялық маңызының артуындағы бастау нүктесі не-

месе символдық шекара емес. Одан бұрын да ішкі-сыртқы факторлардың әсерінен Орта Азияның маңызы айқындала түскен болатын.

Сиань саммитінің ыстық-суығы басылмай жатып, маусымда аймақтағы бес елдің президенттері Еуропа кеңесінің төрағасы Шарль Мишельмен бас қосты. ОА және Еуропа аймақтары арасындағы аталмыш саммит қырғыздың Шолпан-Ата қаласында өткен еді. Жаз айларында да аймақтағы сыртқы сапарлар болып тұрды. Аймақ елдерімен бірқатар елдер жеке-жеке де сапарлар жасап жатты. Немесе аймаққа шетел басшылары келіп кетті.

Күздің басында ОА бес елінің басшысы Берлиндегі түскі аста Олаф Шольцпен бірге түстеніп, ОА-Германия арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді талқылады. Осыдан кейін көп өтпей Нью-Йоркте Орта Азия мен Америка Құрама Штаттары ортасындағы C5+1 форматындағы кездесу өтті. Алқалы жиын АҚШ пен аймақ ортасында тарихта алғаш рет жоғары деңгейде өткен кездесу болып есте қалды. Бұл жолы АҚШ Президенті Жо Байден аксақал мен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, тәжік елінің басшысы Эмомали Рахмон бас қосқан тарихи кездесу болды.

Қара күз түсіп, қараша басталғанда Қазақстан мен Өзбекстанға Франция лидері Эммануэль Макрон ресми сапар жасады. Араға күн салып Түркі мемлекеттерінің басшылары тегіс жиылып, Астанада мерекелік жиын өткізді. Қатарында Еуропа жерінен Мажарстан премьері де болды. Ал келесі аптада Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің ұшағы да Астана әуежайына қонды. Мінеки, егер ірі дипломатиялық алмасуларды тізбелесек, аймақтағы саяси жүрістердің қарқыны өзі-ақ көрініп тұрғандай.

Көпвекторлы саясат позициясы

Кеңес Одағының ыдырағанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, ОА Мәскеудің дәстүрлі ықпал ету кеңістігі саналып келді. Аймаққа қызығушылық танытқан қандай да бір күш

орталықтарының аймақтағы қадамы Мәскеудікімен салыстыруға келмейтіндей деңгейде болды. Сырт тарап көбінесе аймақ елдерімен тек экономикалық мүдделер тұрғысынан ғана қарым-қатынастарын дамытып келді. Саяси мүддеге басымдық берілген емес және бұған Ресейдің жол бергісі де жоқ еді. Украина мәселесінен кейін аймақта жаңа өзгерістер басталды және бұл осыған дейінгі уақытпен салыстырғанда тым қарқынды дамыды. Себебі, 2022 жылы ақпаннан бастан Ресейдің Орта Азиядағы өз позициясын ұдайы қорғап, жіті қарап отыруға мұршасы болмағандай еді. Бұл кейбір шетелдік сарапшылар жағынан ашық айтылып та жатты.

Әрине, көрер көзге қазірге дейінгі үрдіс аймақта Ресейге балама жаңа күштер өсе түскендей көрінеді. Ал шындап келгенде, жағдай ол деңгейге жете қойған жоқ. Украинадағы жағдай Ресейді барлық салада әлсіреткен болса да, Қазақстанды қамтыған аймақ әлі де солтүстік көршісінің белсенді ықпалын сезіп тұр. Ресми астана Ресей Президентінің елімізге жасаған сапарында дипломатиялық ұтқырлық арқылы өзінің маңызды серіктес әрі одақтас елмен тату көрші болып қала беретінін тағы да бір көрсетті. Шын мәнісінде, бұл Қазақстанның ғана емес, аймақтағы барлық елдердің Ресейге қаратқан сыртқы саясаты. Сырт тараптан бұндағы іс-қимылдар бәсеке, талас-тартыстай көрінері немесе мақсатты түрде солай суреттелуі мүмкін. Бірақ аймақ ішінде тұрған біз үшін бұл мүдделі тараптармен теңдей мәміле құрып, көпвекторлы саясатты ұстану болып саналады. Бұны аймақ позициясы деуге де болады.

АҚШ, Қытай, ЕО (ондағы Германия мен Франция), Иран және Үндістан сынды мүдделі тараптар әлі де Ресейдің аймақтағы ықпал деңгейіне теңесе алмады. Шындап келгенде, аймақтағы Мәскеу ықпалының әлсіреу үрдісі басталған болса да, бұл тым ұзақ уақытты алатын үрдіс екенін ескеруге тиіспіз. Оның үстіне Мәскеудің аймақтағы белсенділігі белгілі деңгейде Украинадағы жағдайға байланысты. Егер ондағы жағдайды бағамдайтын болсақ, жауаптасқан соққылар бұрынғыдан көрі байыпты бола түсті. Бұған қарап тараптар ұзақ уақытқа созылатын текетірес күйіне ауысып жатқанын түсінуге болады. Демек, Ресей үшін енді Оңтүстік Кавказ бен Орта Азиядағы өз позициясын қайта пысықтауға орай туу да мүмкін. Соның өзі аймақтағы сыртқы күштердің бәсекесі де ұзақ уақытты алатын үрдіс екенін түсіндіргендей. Яғни аймақ елдері ұзаққа созылатын сындарлы кезеңге дайын болуға тиіс.


Естай БОЖАН,
сарапшы.





АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Бүгінде Алматы қаласы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес 2024 жылдың соңына дейін 50 елдімекенді қамтитын қала маңындағы 20 жаңа бағытты ұйымдастыру жоспарланып жатыр.

ЖАҢА ҚАЛАЛЫҚ БАҒЫТ
қоғамдық көліктердің саны артты

Мәселен, 2023 жылғы 15 қарашадан бастап №89 жаңа қалалық бағыт іске қосылып отыр. Жаңа қалалық бағыт метронның «Райымбек батыр» станциясынан Алматы облысының Іле ауданында орналасқан Gate City ТК-іне дейін жүретін болады.

Бұл бағыт бойынша жолаушыларға қозғалыс аралығы 8 минуттан 13 «МАЗ-203069» маркалы сыйымдылығы үлкен автобустар қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың басынан бері 10 қалалық және қала маңындағы жаңа бағыттар ұйымдастырылып, 22 бағыттың жылжымалы құрамы жаңартылды.

Қала маңына қатынайтын жаңа №235 бағыт «Сәлем» базары мен

Іле ауданындағы Исаев кенті арасында жүреді. Енді қозғалыс аралығы – 12 минуттан тұратын «ISUZU H-40» маркалы шағын сыйымдылықтағы 10 автобус жолаушыларды қаладан ауылға, ауылдан қалаға тасымалдайтын болады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы агломерациясын дамыту аясында 2023 жылы басқарма 25 елдімекенді қамтитын 10 жаңа қала маңындағы маршрутты ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұрын 5 маршрут ашылды, қалған 4-еуі дайындық үстінде.

Бұған қоса, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес 2024 жылдың соңына дейін 20 жаңа қала маңына қатынайтын бағытты ашу көзделген. Соның есебінен 50 елдімекен қамтамасыз етіледі.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ
Алматыда 376 сайт бұғатталды

Жыл басынан бері заңсыз ойын бизнесі бойынша сотқа дейінгі 12 өндіріс тіркелген. Үш ойын залының, бір букмекерлік кеңсенің және төрт жасырын казиноның қызметі тоқтатылды. Сонымен қатар, 94 компьютерлік техника заңсыз айналымнан алынып, сот үкімі бойынша 500-ден астам ойын терминалы жойылды. «ТикТок» әлеуметтік желісінде заңсыз құмар ойын ұйымдастырғандардың жұмысы тоқтатылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Казинолар мен ойын автоматтары залы тек Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Шүбье ауданында орналасуға тиіс. Бұл аймақтардан тыс жұмыс істейтін барлық ойын мекемесінің қызметі заңсыз болып есептеледі.

«Енді азаматтар сайттар мен әлеуметтік желілерде финпирамида белгісінің бар-жоғын өз бетінше тексере алады. Өзірленген жоба халық арасында үлкен сұранысқа ие екендігі қазірдің өзінде байқалады. Қысқа уақыт ішінде азаматтардан түскен 6 мыңнан астам өтінім қаралды, оларға бот автоматты түрде жауап берді», – деді Экономикалық тергеу департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Жақсылық Мырзахан.

Мына қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар жауапқа тартылды және ұзақ мерзімге сотталды: «Innova Gold», «IG Group KZ», «Qozgan, Tender», «Rich Beach», «Альфа Сейлс Консалтинг», «ESS Group» және «Qnet». «Energy Eolus Qazaqstan» қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Егер Сіз немесе жақындарыңыз қаржы пирамидасына алданса, Жібек жолы даңғылы, 127 мекенжайы бойынша Алматы қаласының Экономикалық тергеу департаментіне немесе 1458 колл-орталығына хабарласыңыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәкен ҚОНДЫБАЕВ, Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің тергеу басқармасының басшысы:

3 МЫҢ АДАМ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ
ҚҰРБАНЫ БОЛДЫ

Қазіргі уақытта қаржы пирамидаларын бастанқы кезеңде-ақ жою шаралары қолдануда. Алматының өкілетті қызметі 376 интернет сілтемесін бұғаттады. Мемлекеттік органның мәліметінше, жыл басынан бері 9 қаржы пирамидасының (WBIC, Robotex, Hit Beat Music, Qnet, Chia Thai, Bincloud, S-Group, Marqar, Patin Coin) жолы кесілді. 3 мың адам олардың құрбаны болған. Жылдың басында интернет-ресурстарды тексеретін «Байқа, пирамида!» Telegram-боты іске қосылды.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарды интернет-алаңдықтан сақтандырып келеді. «Жалған қаржы» ұйымдарының ұсынысын тарату жүйілеп кетті. Олар ақшаны мұнай өндіруші компаниялардың, белгілі банктердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ірі жобаларына кіріс көп түседі деген уәдемен инвестициялауға шақырады. Ұйымдастырушылар адамның сеніміне кіру үшін танымал ақпарат порталдарының логотипі мен дизайнын қолданып, көпке белгілі тұлғалар мен жоғары лауазымды шенеуніктердің есімін пайдаланады.

КӨГАЛДАНДЫРУ

ҒАСЫРДАН АСА ТАРИХЫ БАР
Баум тоғайында жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр

Тоғайдың жалпы аумағы – 140 гектар. Мұнда жалпы саны 104 мыңға жуық ағаш болса, оның шамамен 3 пайыздан астамы қауіпті жағдайда.

Арнайы мамандар егер мұндағы жарамсыз 3000-ға жуық ағашты жоймаса, келешекте тоғайдан айырылып қалу қаупі бар екенін айтып отыр. Неге десеңіз, зақымданған ағаштар басқаларына ауру таратуы мүмкін екен. Ал егер ескі ағаштар оталса, орнына жаңасын отырғызу жұмыстары қолға алынады дейді мамандар.

2021 жылдан бері экожүйені қалпына келтіру және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында 4 институт зерттеу жүргізген. Нәтижесінде ғалымдар 3 мыңнан аса ағашты кесу туралы шешім қабылдаған.

«Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғат паркі директорының орынбасары Ұзақ Мыкитановтың айтуынша, ең басты мақсат – жаңа ағаштарды егу, яғни арасында түрлі ауруларға ұшыраған, кеуіп кеткен, жартылай сынған ағаштардан ай-

мақты тазалап, тоғайға жаңа renk беру, қалпына келтіру.

– Алматылықтар жапырағы бар ағашты аралап жатқанын көрсе бірден үрейленеді. Алайда, мұндай шешім ғылыми-зерттеу жұмыстарынан кейін ғана қабылданып тұрғанын түсіну керек. Әр ағаштың өз белгісі бар. Сау ағаштарға ешкім тиіспейді. Егер қазір жаңартпасақ, болашақта тоғайдың жоғалып кету қаупі бар, – дейді Ботаника және фитоиндустрия институтының аға ғылыми қызметкері Инга Бабай.

Тоғайды толықтай қалпына келтіруге шамамен 3 жыл кетеді дейді мамандар. Ағаштардың ау-

руды одан ары таратуын тоқтату мақсатында оларды тамырымен бірге алып тастаудан басқа амал жоқ. Ал сүрілген ағаштар отынға жарамды болса, оларды әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде тарату дәстүрге айналған.

Тығыз орналасқан тоғайдың ішіндегі ағаштардың арасын алшақтату да көзделген. Себебі, орман бүгінде қылмыскерлердің бас сауғалайтын орнына айналып кеткен. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында келешекте тоғай ішіне жарық орнату да жоспарда бар.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Баум тоғайы – 150 жылдан астам тарихы бар табиғи ескерткіш.
- Тоғайды жасау үшін жапырақты, қылқан жапырақты ағаштар мен жеміс ағаштары егілген. Мұндай өсімдіктер сол жылдары біздің аймаққа Еуропа, Америка, Шығыс Азия сияқты басқа елдерден әкелінді.
- Верный қаласының бас бағбаншысы Э.О.Баумның (1850–1921) құрметіне баққа Баум аты берілген.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТОЗҒАН ЖЕЛІЛЕР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

биыл жаңа аудандардағы 12 мыңнан астам үй орталық сумен жабдықтауға қосылды

Ағымдағы жылы Алматыға кейіннен қосылған «Қарасу», «Ақжар», «Алғабас», «Шұғыла», «Жас қанат», «Шуақты» шағын аудандары, Сейфуллин даңғылының аумағы, Солтүстік айналым, Рысқұлов, Боралдай көшелеріндегі 12 мыңнан астам үй сумен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз етілген.



Сонымен қатар, биыл кәріз желілеріне қосылған. Бұған дейін бұл аудандарда сумен жабдықтау, сондай-ақ су бұру желілері болмаған. Мәселен, «Қарасу», «Ақжар», «Алғабас», «Шұғыла» шағынаудандарын сумен қамтамасыз етуді жеке компаниялар жүргізген.

Алматыда 2022-2023 жылдар ішінде үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 143 шақырым су құбыры және 139 шақырым су бұру желілері салынды.

Қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша су құбыры желілерінің тозуы 55,8%-ды, кәріз желілерінің тозуы 57,5%-ды құрайды. Жаңа желілерді тарту арқасында тозған желілер саны азаюда.


БРИФИНГ

ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КАДАСТРЫ

электрондық база құруға бағытталған жобамен жұмыс істей бастады

Кадастр деректері уәкілетті органдарға ғана емес, табиғат әуесқойларына да пайдалы болуы мүмкін. Жануарлар дүниесіне әсер етуі мүмкін басқару және экономикалық шешімдер қабылдау үшін фауна объектілерінің өзекті жағдайы туралы ақпарат қажет. Бұл туралы Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Зоология институты бас директорының ғылыми мәселелер жөніндегі орынбасары Марина Чирикова айтып берді.

– Жануарлар әлемінің кадастры белгілі бір аумақта жануарлардың қанша түрі өмір сүретінін, олардың кең таралған, биологиясының қандай ерекшеліктері, көбеюі, бұл ресурстың қаншалықты тез қалпына келуі, қандай түрлері зиянды, қандай аңшылық және кәсіптік, қандай түрлері сирек кездесетінін, жойылып кету қаупі төнген және т.б. си-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

паттайтын барлық деректерді білдіреді. 2021 жылы біз Солтүстік Тянь-Шань жануарлар дүниесі кадастрының электрондық базасын құруға бағытталған жобамен жұмыс істей бастадық, – деді М.Чирикова.

Деректер базасы жоба барысында жиналған мұрағаттық, әдеби және жаңа деректерді қамтыды. 2023 жылдың қазан айында Электронды мәліметтер базасы жануарлардың 948 түріне арналған 10633

жазбаны құрады. Жобаның нәтижесінде жануарлардың 3550-ден астам түрі туралы ақпарат жиналды, ең кішкентай омыртқасыздардан бастап құстар мен сүтқоректілердің ең үлкен түрлеріне дейін. Мұндай ақпарат жануарлар популяциясының динамикасын талдау үшін, сондай-ақ болашақта фаунаның өзгеру тенденцияларын анықтау үшін маңызды.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БОЯМАСЫЗ ӨМІР

«Қыз әдепті болса, келін өнегелі болады»

(халық даналығынан).

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫН
ЖАСАУСЫЗ ҰЗАТПАҒАН

есті қыз анасының өзіне арнайы жасаған әр затын аманат деп қабылдайды

Біз той жасамай тұра алмаймыз. Қазақты өзгелерден ерекшелейтіні де осы тойшылдығы. Сондықтан түрлі себеппен бала-шағамыздың қуанышын ағайын-туыс, дос-жаранмен бөліскенді жақсы көреміз.

Қазір той көп. Түрлі қуаныштар көбейген сайын тойхананың да дәуірі жүріп тұр. Тіпті, кейбір тойханаларда екі-үш айға дейін аптаның сенбі-жексенбісі бос емес. Тапсырыс алып қойған. Ал той жасаушы ұзақ күткісі келмейді. Сондықтан амалсыз жұмыс күндерінде де той жасауға көшкен. Баяғыда аптаның ортасында той болады десе, таңқалушы едік, бүгінде қалыпты жағдайға айналды. Тіпті, дүйсенбі күні де тойға барған күндеріміз болып жүр.

Жалпы, той қазақтың туыстықты, татулықты, бірлік-ынтымақты бекіте түсуге қызмет ететін керемет дәстүрі ғой. Сондықтан дәстүрімізді дәріптейтін, ұлттық құндылықтарымызды қадірлейтін тойлар көп бола берсін дейік...

Жақында менің бір емес үш құрбым той жасағалы отыр. Біреуі ұлын үйлендірді. Алдағы аптаның сенбісінде тойы болады. Екеуі желтоқсанның ортасына қарай қыз ұзатпақ. Барлығы тойдың қамымен әлек. Ұлын үйлендіретіндер кит алуға қырғыздың «Дордайын» аралап келіп, енді қытай шекарасына «Қорғасқа» барып қайтамыз деп отыр. Ал ұзатылатын қызы бар үйдің аналары қыз жасауын дайындауға кірісіп кетті. Менің қуанатыным, құрбыларым өздерінің аналарымен бірге қыздарының көрпесін өздері тігіп жатыр. Өйтпесе, қазір біраз аналар көрпе тігіп, көз майын тауысып отырғылары келмейді. Өйткені, базарларда дайын көрпе де, дайын қыз жасауы да толып тұр. Ал ісмер аналар қыздарының көрпелерін осылай өздері жасайды. Менің екі құрбым да бір-бір бөлмелерін босатып алып, бір күні матасын дайындап, екінші күні мақтасын салып, үшінші күні көрпесін қабып жатыр. Әңгіме айта отырып, ине сабақтап отырғандарына қарап көзің сүйсінеді. Арасында қызы да жүгіріп келіп, бір шетін ұстап көмектеседі. Қандай әдемі көрініс!

Құрақ көрпелері құдды бір кілем дерсіз. Жалпы, құрақ көрпе қиық матадан бірік-



● ДЕГЕН ЕКЕН...

Ұл баланы тоқшылық,
қыз баланы жоқшылық бұзады

Белгілі тәжік жазушысы Садриддин Айнидың ұлы мен қызы өз заманында элиталық орта Мәскеуде оқитын болан. Жазушы әр ай сайын ұлына аздау, қызына көптеу етіп ақша салып тұрады екен қаражат үшін. Онысына талай рет куә болған пошта қызметшісі:

«Екеуі де өз перзенттеріңіз, неге тең дәрежеде де ақша салмайсыз?», – депті. Сонда жазушы: «Ұл баланы тоқшылық бұзады, сол үшін аздау ақша саламын. Қыз баланы жоқшылық бұзады, сол үшін көптеу ақша саламын» деген екен.

тіріліп тігілетіндектен үй болып жатқан жастарға бір басы екеу, екі басы үшеу болып бір-бірін жеткізіп, үй болып құралып кетсін деген мағынада тігіледі екен. Бұл да бір біздің ерекше көңіл бөлетін салт-дәстүріміз болып саналады. Демек, құрақ көрпе – тегін көрпе емес. Ол отбасындағы береке-бірліктің белгісі. Яғни қыз жасауындағы әрбір дүниенің өзіндік мағынасы бар. Халқымыз «Шеше көрген тон пішер» деген сөзді осындайда айтқан-ау, шамасы...

Өйтсе де, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Бір кездері қыздың көрпе-жастығы, ыдыс-аяғы мен киім-кешегі басты дүниелері болып есептелетін дәстүрдің бүгінде жұрна-

ғы да қалмағандай. Заманына қарай өзгеріске ұшырады. Қазір ұзатылатын қыздың артынан ата-анасы тұрмыстық техникалардан бөлек, көлік, баспана сыйлайтын болып жүр. Жарайды, ол қалталылар үшін түк емес. Жақында әлеуметтік желі арқылы қыздың артынан келген жасауын көрсеткен видеоны көрдім. Жасауға басқа дүние-мүлкі былай тұрсын, «мынау қызымның жұмысқа, тойға, көшеге, машина айдағанда киетін шубасы» деп құндыз тонның бірнешеуін салыпты. Бұл не, сонда? Бәсеке ме, мақтан ба? Иә, келісемін, жұрт тандай қағатындай жасауды кім де болса апарғысы келер, «Байдың асын байғұс қызғаныпты» дей көрмеңіз... Бірақ мұндай

● КЕРЕК КЕҢЕС

Өзіңізден жасы үлкен кісілерді құрметтеңіз әрі оларды қадірлей біліңіз. Әңгімелесе қалсаңыз, оң жақтарында және бір-екі қадам артта жүріңіз. Кездескенде бірінші сәлем беріп, ілтипат көрсетіңіз. Сөйлегенде алдарын орап кетпей, алдымен үлкеннің сөз бастауына мүмкіндік беріңіз. Егер бір мәселе бойынша пікіріңізді білдірмек болсаңыз, әдеппен, жұмсақтықпен ойыңызды жеткізе біліңіз, олармен мейлінше сыпайы сөйлесіңіз. Түптеп келгенде, мұның барлығы сіздің мәдениеттілігіңізді көрсететінін ұмытпаңыз.

жасауды екіншісі бірі жасайды дегенге өз басым сенбеймін. Қарапайым халықтың бұған шамасы келмейтіні де анық. Меніңше, бұл құр кеудемсоқтық, мақтан, дарақылық! Ысырап! Несін жасырайын, өзіміз бес шуба емес, бір шубаның өзін ұқыптап, күтіп киіп жүрген жайымыз бар.

Қазақ қызын жасаусыз ұзатпаған. Сондықтан жасау беру – ата-ананың парызы дейміз. Мен тұрмыс құратын қыз баланың артынан не апарса да жарасады деп ойлаймын. Шамаң келсе, барлық қажеттіліктерін әпер. Ал артынан барған дүниені күтіп ұстау қыздардың өзіне байланысты. Есті қыз анасының өзіне арнайы жасаған әрбір затын аманаты деп қабылдайды. Көзінің қарашығындай сақтап, күтіп ұстайды. Егер байқасаңыз, басқа заттарға қарағанда қыз жасауымен келген заттар бізге көбірек қызмет етіп жататын сияқты. Мәселен, менің тұрмыс құрғаным 20 жыл болды. Үйімде анамның артымнан жасаған кілемі әлі бар. Қызымның бөлмесіне төсеп қойғанмын. Сол қалпы, жап-жаңа, өңін де берген жоқ. Ал менің анам жасы 70-тен асып, ене, әже атанып отырса да «анамның көзі» деп, өзінің артынан келген анасының тігін машинасын әлі пайдаланады. Күнде шаңын сүртіп, үстіндегі жабулы орамалын бір сілкіп қою әдеті. Сағынған кезінде сипап-сипап қоятыны бар. Міне, көрдіңіз бе, ананың аманаты қандай ыстық!

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

КРЕДИТКЕ ТОЙ ЖАСАУ
жастардың бақытына кепіл бола ала ма?!

Бір жақын туысымыздың Айдын есімді жалғыз ұлы бар-тын. Бір күні ол ата-анасына өзінің үйленгісі келетін қызды кездестіргенін айтады. Танысып, қыз бен жігіт болып жүргенде әлгі сабазымыз ғашығына күнде қымбат сыйлық, құшақ-құшақ гүл сыйлап жүрсе керек, қыздың жүрегі аз уақыт ішінде-ақ жаулап алған ғой. Қош! Сонымен, Айдыңның ата-анасы той қамына кіріседі. Тойға дайындалудан бөлек, «қалың малға қанша апарамыз?» деген әңгіменің шеті шыққанда, жігіттің ата-анасы еш ойланбастан «миллион апарамыз» деді. «Бір талынан» не аясын, кредит алмақ. Өйткені, көпшілігіміздің той-тойлауға ақшамыз жетпесе банктен несие алуды тиімді шешім деп ойлаймыз. Алайда, сол қаражатты аларда «алмақтың да салмағы бар» екенін ойлауды ұмытпаған абзал.

Бастапқы әңгімеге оралайын. Сонымен не керек, кредит деген бөлеге басын байлап, ата-ана банктен қарыз алады. Қанша дегенмен, жалғыз ұл. Ешкімнен кем етпей

той жасап бергісі келгісі келіп отырғаны айдан анық. Жалғыз ұл болса, неге жиған қоры жоқ дейтін шығарсыз. Оларда сол құрғыр миллионнан басқаның бәрі бар еді. Қымбат көлік, екіқабатты коттедж үй...

Сөйтіп, қалың малына миллионын алып, китін салып қызға құда түседі. Жастар үйленеді. Жігіттің ата-анасы Талғар тас жолының бойындағы танымал мейрамханалардың бірінде дүркіретіп тұрып, тойын жасайды. Адам жақсыға тез үйренеді ғой. Үнемі қымбат сыйлық алып үйренген ару келін болып түскеннен кейін де жалғасады деп ойласа керек, жігіттің тосын сыйларының сап тыйылғанына көңдіге алмады. Той өткен соң «әлгі келініміз» қылық шығара бастайды. Әдетте, әдепті қыздың өнегелі келін болатынын білуші едік. Келген келініміздің кертартпа, қыңыр мінезді, еркетотай екеніне налыдық. Ерте тұру, ата-енеге ас әзірлеу, үй тірлігіне араласу, жалпы, келіндік міндетін атқару дегенді мүлде білмеді. Бөлмесінде жатып алу күнделікті әдетіне айналды.

Алғашында «жас қой, үйренер» деген ата-ененің көңілі су сепкендей басылды. Ұзын сөздің қысқасы, екі-үш ай өтпей-ақ екеуі ажырасып тынды. Мұндайда «кеткен қыз шиден тысқары» дейтін шеше қайда? Себеп-салдарын білместен, қызды шешесі келіп алып кетті. Бүгінде сол шаңырақта қарызға батырған қуаныштың ізі де жоқ. Ұлдың әкесі әлгі мыын қатырған миллионды төлеу үшін күн-түн демей жұмыс істеп жатыр. Анасы көкірегі қарс айырылып, жалғыз ұлының жолы болмағанына налып үйде отыр. Жігері күм болған жігітіміз ата-анасынан кешірім сұрағаннан басқа амал таппай жүр.

Кім кінәлі? Ата-ананың үкілеген үмітін ақтамаған, тәрбиесі нашар қыз ба, әлде, сырын білмей, ғашық болып, асығыстық жасаған жігіт пе? Бәлкім, баласының айтқанын орындағысы келген ата-ана шығар?! Не десек те, таразылайтын біз емес. Енді «аузы күйген үрлеп ішер». Айтпағым, сол миллион жастардың бақытына кепіл бола алмады. Мына оқиғадан кейін, кредит алып той жасаудың қайыры жоқ екенін түсінсек керек. Реті келсе, «көрпемізге қарай көсілуді» үйренейік. Бір отбасының жағдайын көріп, көп отбасы ойланар. Біреудің қателігін келесі бір жан қайталамаса екен, осындай келеңсіз оқиғалардан жастар сабақ алса екен ой ғана менікі.

● СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Жалғыз отырып
тамақ ішу зиян

Оңтүстік Корея ғалымдары жалғыз отырып тамақ ішетін адамдардың метаболикалық синдром салдарынан ішіне артық май жинап алатынын анықтапты. Ол үшін мамандар зерттеуге өз еріктерімен қатысқан 7752 адамның анкетасын сараптаған. Осыдан кейін ауруханалар статистикасын негізге ала отырып жалғыздықты ұнататын адамдардың семіздікке жиі шалдығатындарын байқаған.

Күніне кемінде 2 рет жалғыз отырып тамақ ішетін ер адамдардың 64%-ы, әйелдердің 29%-ы жоғарыдағы синдромға шалдығатын көрінеді. Ендеше, жалғыз тамақтанбаңыз, семіріп кетуіңіз мүмкін.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

(Дереккөз: Stan.kz)



ЛУДОМАНИЯ

ҚҰМАР ОЙЫН – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қауіпті індетпен қалай күресеміз?

Бүгінгі қазақ қоғамында құмар ойындардың саудасы жүріп тұр. Құрығы ұзын, қаржысы көп букмекерлік компаниялардың жартасы орнынан қозғалар емес. «Жеңіл ақшаға кенелеміз» деп, түбі құмар ойыннан шыға алмай, қарызға батып, шаңырағы ортасына түскен отбасылардың да саны көбейіп келеді.

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов қараша айының басында Мәжілісте өткен брифингте ажырасулардың 40%-ына лудомания себеп болатынын атап өтті.

– Ажырасулардың 40%-ы осы себептен болатынын көріп отырмыз. Лудомания қазір ажырасу себептері арасында маскүнемдік пен нашакорлықтан кейін 2-ші орынға шығып отыр. Бұл үлкен проблемаға айналды, – деді Әлихан Смайылов.

Құмар ойындардың кесірін Мәжіліс қабырғасында депутат Руслан Берденов те бірнеше рет көтеріп, нақты статистика ұсынған еді.

– Еліміздегі 157 000 құқық бұзушылықтың 20%-ы немесе 31 000-ы құмар ойындары кесірінен жасалған. Құмарлықтың соңы әр отбасыға қасірет болып, арты қайғылы оқиғаларға соқтырып жатыр. Қайталап естеріңізге саламыз, 3676 суицидтің әрбір 5-ші жағдайы құмар ойынына байланысты. Өлімнен – қорлық жаман дейді. Кім осы бизнестің құрбаны болғандар үшін жауапкершілік алады? Мектеп жасындағы 3,5 млн баланың 700 мыңнан астамы 1 рет болсын бәс тіккен. Бұл Қазақстандағы 1 миллионнан астам құмар ойыншы санының одан да ары өсетінін көрсетеді, – дейді Мәжіліс депутаты Р.Берденов.

Ал Алматыда «Дін әлеуметтік тепеңдік үшін: құмар ойындарға тәуелділікпен күрес» тақырыбында «дөңгелек үстел» барысында Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов 2022 жылы құмар ойындарына қызығатындар саны 2019 жылмен салыстырғанда, 40%-ға артқанын айтты. Оның айтуынша, осы жылдың бірінші жарты жылдығының өзінде құмар ойындарының табысы 100 млрд теңге болған. Бұл кітапхана мен музейлерге жұмсалған қаражатқа қарағанда 70 есе, шығармашылық пен өнерге қарағанда 50 есе, IT қызметтерге қарағанда 5 есе артық, жылжымайтын мүлік қызметтеріне қарағанда 2 есе артық.

Аталмыш цифрлар құмар ойындар мен лудоманияның қоғамдағы ауыр дертке айналғанын тағы бір дәлелдеп отыр. Сондықтан бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та мән беріп, Президент төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында құмар ойынға тәуелділікпен күресу үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

– Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды, – деді Президент.

Мемлекет басшысының тапсырмасына байланысты қазіргі уақытта Үкімет тарапы лудоманияға қарсы күреске бағытталған тиісті нормаларды әзірледі. Бұл туралы



Премьер-министр Әлихан Смайылов айтып өтті.

– Бірінші кезекте, бұл – букмекерлік кеңселерді, лотереяларды және онлайн казиноларды жарнамалауға тыйым салу. Екінші, құмар ойындарына қатысуға рұқсат беретін жас деңгейін 25 жасқа дейін көтеру. Сондай-ақ, борышкерлердің, алимент төлемегендердің және банктік несиелер бойынша мерзімі өткен берешегі бар тұлғалардың бірыңғай реестрінде тұрғандардың ойындарға қатысуына тыйым салу қарастырылған. Расымен лудомания жаппай белең алып кетті. Тиісті нормаларды заңнамаға енгізу мерзіміне келетін болсақ, бұл Парламенттің қаншалықты жылдам қабылдауына байланысты. Жақын арада қабылданады деп ойлаймын, – деді Премьер-министр.

ЛУДОМАНИЯ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Үкімет тарапы құмар ойындар мәселесіне білек түре кіріскен секілді. Егер Парламент тиісті заңнаманы қабылдайтын болса, қазіргі қоғам дертінің ары қарай таралуы қазіргідей оңай болмайтыны анық. Дегенмен, осы уақытқа дейін құмар ойындардың құрбанына айналған адамдар ше? Олар бұл мәселемен бетпе-бет қала ма, әлде адамдардың бұл тобына әрқайсысымыз көмектесуіміз қажет пе? Бұл сұрақтардың жауабын құмар ойындарға тәуелділікпен күресуге бағытталған «Вне игры» жобасын іске асырып жүрген «Хақназар» қоғамдық қорының төрағасы Нұржан Жакупов айтып берді.

– Құмар ойындарға тәуелділік, бұл – адамдардың өмір қиындықтарына қарсы тұра алмауынан туындайды. Өмір сынақтарынан қашқан азамат құмар ойындар мен есірткінің артына тығылады. Ал букмекерлік компаниялар осындай иллюзияны ұсынады. Олар 100 теңге тік те, мың теңге ұт дейді. Букмекерлердің жарнамасы қазір мұрал секілді, аэропорттан бастап қаланың әр бұрышынан көруге болады. Радионы қоссақ та, осы жарнаманы естиміз. Және букмекерлік компаниялар адамның миын ұлайтын дыбыстар пайдаланады. Тіпті, сол жарнамадағы әуендер балалардың санасында сақталып қалады. Жалпы, тәуелділік адамның бойында 3–6 жасында пайда болады.

Ойынға тәуелді болған адам өз-өзіне есеп бере алмайды. Мысалы, мас адам ессіз тірлік істесе, оның мас екенін, не істеп жатқанын білмейтінін түсінеміз. Лудоман адамның да күйі сондай деп қабылдау қажет. Қарызға батқан лудоман, ақша іздеген кезде ештеңеге қарамайды. Жұмыстан, үйден ақша ұрлап, несие, қарыз алып, бәрін ұтылған соң ғана бір сәтке есін жиып, өзінің не бүлдіргенін түсінеді. Мұндай жағдайлар көбіне суицидпен аяқталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүгінде лудоманияны психикалық ауытқу ретінде мойындап отыр, – деді ол.

ОЙЫНҚҰМАРДЫҢ ҚАРЫЗЫН ЖАБУ – ҚАТЕЛІК

«Вне игры» жобасының жетекшісі құмар ойынға қатысты ата-аналардың жиі қателік жасайтынын да атап өтті.

– Бұрын құмар ойындарға қолжетімділік қазіргі секілді жеңіл болмайтын. Арнайы бір жерге бару керек еді. Бүгінгі күні оның барлығы бір-екі батырмамен-ақ жасалады. Бір кездері кәмелет жасқа толмаған балалар бәске тіккен ақшаларын шығара алмайтын. Қазір ол үшін шектеуі жоқ онлайн-әмияндар пайда болды.

Баласының құмар ойындарға тәуелдігін байқаған көп ата-ана бір нәрседі қателеседі. Олар тәуелділікті балалық не уақытша жаман әдет секілді қабылдайды. Неге десеніздер, бала әке-шешесіне келіп «уәде беремін, енді ойынға жоламаймын» деп айтқан кезде – ол өтірік айтпайды. Өйткені, сол сәтте бала шынымен өз қателігін түсінеді. Бірақ ары қарай айтқан уәдесін орындау оның қолынан келе ме деген сұрақ туындайды. Себебі, бұл ауру түптеп келгенде емделмейді. Өйткені, құмар ойындарды 10 жылға жуық тастаған адамның өзінде қатал шектеулер бар және ол өмір бойына қалады. Мұндай адамдарды спорттық жарыстарға апаруға болмайды, олардың футбол, хоккей секілді ойындарды көруіне тыйым салынады. Бәс тігілетін кез келген ойындардан, карта, нарды, тіпті балалардың ермегінен аулақ болуы қажет. Неге? Өйткені, мидағы рецепторда қайтадан биохимиялық процесс жүріп, бұрынғы қалпына түсуі мүмкін. Тіпті, оңалтудан өтіп жүрген адамдарға кей достарымен араласуына болмайды.

Тәуелді адам қарызға алған, не бірге құмар ойынға барған досын көргенде бұрынғы эмоциялары қайта оралуы мүмкін.

Лудомания сананың ауруы. Оған қарсы дәрі жоқ. Лудоман адамдарды тек оңалту орталықтарына апарып емдей аламыз. Сондай-ақ, бір ескеретіні – тәуелді ересек адам мен тәуелді бала екі түрлі категория.

Баласының кеше ғана сабағын орындап, спортпен айналысатын жауапты болғаны ата-ананың есінде тұрады. Сондықтан олар психологқа жолыққанда, не оңалту орталығына келгенде маманның айтқан сөзіне сенбейді, «жә, менің балам ондай емес» деген ойда болады. Иә, еш бала жаман емес, бірақ оның тәуелді болып қалғаны – факт және оны қабылдау керек. Сонымен қатар, ата-ана тарапынан жасалатын ең жиі қателік – баласының қарызын жабу. Бұл – қате қадам. Себебі, лудоман адамда себеп пен салдар арасындағы байланыс бұзылған. Олар әр істің артынан салдары болатынын түсінбейді. Сондықтан оңалту орталығына келген ата-аналарға берілетін алғашқы кеңес – баланың өміріне қауіп төніп тұрмаса, оның қарызын жабуға болмайды. Оңалту орталықтарындағы емдеудің бірінші жолы – жауапкершілікке үйрету. Мысалы, тамақ ішкеннен кейін ыдыс жуылмаса, кешке басқа жұмыс беріледі. Яғни емдеу процесі кішкентай қадамдардан басталады, – деп түсіндірді Н.Жакупов.

ЛУДОМАН МЕН НАРКОМАННЫҢ ТҮБІ БІР

«Хақназар» ҚҚ төрағасының айтуынша, лудоманиядан тәуелді адамнан бөлек, оның отбасы да зардап шегеді.

– Букмекерлік компаниялар қазір қолы жеткен нәрсенің барлығын қаржыландырады. Қазақстандағы әр отбасыны тікелей болмаса да, жанама түрде лудомания мәселесі қамтып отыр. Қазір оған көз жұмып қара алмайтындай деңгейге жеттік. Сондықтан бұл мәселеге Мемлекет басшысының және Үкімет тарапының көңіл аударып жатқаны қуантады.

Тәуелділіктен лудоман адамнан бөлек, оның отбасы зардап шегетінін ескерген жөн. Бұл есірткі емес, адамның түріне қарап оның тәуелді екенін байқай алмаймыз. Дегенмен, лудоман мен нашакор адамның түбі бір – не өлім, не түрме, не емхана. Бірақ нашакор адам бір дозамет, ал маскүнем бір бөтелкемен тоқтайтын болса, ойынқұмар адам үшін шектеу жоқ. Лудоман адамдар бір түнде көлік, үй, жинаған қаражаттарының бәрін айналып қалуы мүмкін. Себебі, букмекерлерде бәс тігудің шегі жоқ.

Бір мысал қарастырып көрейік. Кәсіпкер адам құмар ойынға тәуелді бола бастайды. Алғаш кезде өз қаражатын, одан кейін несиеден алған ақшаны жұмсайды. Тәуелділік өршіген кезде жаңа бизнес-жоба үшін деген атпен әркімнен қарыз, әйелінің атына несие алады. Тағы ұтылғанда әйеліне келіп «бизнес-жоба үшін ақша қажет» деп үйін кепілге қояды. Ал қүйеуінің тәуелділігін байқамаған әйелдер оған келіседі. Түбінде лудоман ұтылудың шегіне жетеді. Айта кеткен жөн, ойынқұмар адам ұтылудан рахат алады. Ұтыс оған дәл сондай сезім сыйламайды. Бәстен ұтылған кезде адамның миында эндорфин мен адреналин бөлінеді және ми осы сезімдерді сақтап қалады. Сөйтіп, барлығы әйелдің бала-шағасымен үйісі әрі үлкен қарызбен қалуымен аяқталады.

Бұл аурудан ешкім сақтандырылмаған. Кедей-бай, діншіл, кәрі-жас – кез келген адам лудомания құрбаны болуы мүмкін. Енді айтылған қоғам дертін қалай тоқтатуға болады? Біз «кәсіби ойыншы» ұғымын енгізуді ұсынамыз. Егер азамат 3 ай қатарынан 3 жалақысына жуық ақшадан ұтылатын болса, оған шектеу енгізу қажет. Және ол адам «кәсіби ойыншы» ретінде тіркелуі керек. Өйткені, оның жақындары қасындағы адамның «лудоман» екенін білуге құқылы. Идеяны іске асыру үшін бізге қоғам қолдауы қажет, – деді Нұржан Жакупов.

Досбол
АТАЖАН.





«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» ЖОБАСЫ

БІР АУЫЛДЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ

кітапханада кездесіп, туған жер туралы сыр бөлісті

Алматының А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханасында «Ұлы дала елі» жобасы аясында «Туған өлкем ажарлы, аса көркем» атты рухани кеш өтті. Оған Жамбыл облысынан шыққан, сол топырақтан нәр алып, өсіп-өнген, ару Алматыға келіп, түрлі салада өзіндік жарқын қолтаңбасын қалдырып жүрген елге белгілі тұлғалар шақырылыпты. Меймандар туған ел, жер туралы сыр бөлісті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сөз басында кітапхананың «Ұлы дала елі» деген төл жобасы туралы айта кетсек, артық болмас. Бұл жоба 2022 жылы құрылған. Мақсаты – республикадағы 20 облыстың тарихы мен мәдениетін таныстырып, сол өңірдің май топырағында аунап, мөлдір суын ішіп өскен атақты ақын-жазушылар, әншілер, күйшілер және беделді кәсіпкерлермен әдеби-танымдық кештер ұйымдастыру. Жоба аясындағы алғашқы кездесу сол жылы киелі Түркістан облысынан шыққан белгілі тұлғалардан бастау алған болатын. Яғни Темірғали Көлбаев, Ермахан Шайхы, Сәкен Сыбанбай, «МүзАРТ» тобының әншісі Кенжебек Жанәбіловтің және «Әгуғай» ансамблінің қатысуымен әдеби-сазды жақсы бір кеш өткен болатын.

Бұл жолы Жамбыл өңірінің майталмандары, атап айтсақ, журналист-жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Қали Сәрсенбай, дәстүрлі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова, «Шалқар» радиосының директоры, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты Болатбек Төлепберген, дәстүрлі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ардак Исатаева келді. Ең қызығы сол, кітапхана оқырмандарымен кездесуге



келген төрт мейманның төртеуі де бір аудан тұрмақ, бір ауылдан, тіпті төртеуінің де үлкен өмірге жол көрсеткен аяулы ұстаздары жазушы Пернебай Дүйсенбин болып шықты.

Бұл орайда осы кешті ұйымдастырушы кітапханашы Айнұр Балаубаева: «Ел алдында жүрген бұл кісілерді Жамбыл облысының перзенттері екенін білемін, ал аудан-ауылдарына мән бермеппін. Жастардың алдында айтары бар адамдар деп, таңдауымыз осы жандарға түскен болатын. Сөйтсек, төрт қонағымыз да Сарысу ауданының Жайылма ауылынан болып шықты, бұл – кездейсоқтық», – деп ағынан жарыла күлді.

Иә, Жамбыл облысы да көптеген нар тұлғаларымызды дүниеге әкелген киелі жер. Атап айтатын болсақ, қазақ халқының бас биі Төле би, өлең-сөздің дүлдүлі, жы-

Зиялының сөзі

Қали СӘРСЕНБАЙ,
қаламгер, ҚР Президенті сыйлығының және
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты:

ТОЛҒАНДЫРАТЫН, ТОЛҚЫТАТЫН ТАҚЫРЫП

Туған жер деген кім-кімді де толғандыратын, толқытатын тақырып. Әркімнің де кіндігі туған жерге, туған топыраққа байлаулы ғой. Ел, жер дегенде құлағы елеңдемейтін, жүрегі елжіремейтін адам болмас. Менің түсінігімде, адам баласы үш жағдайда өзгеше толқуды басынан кешіреді. Мысалы, туған жерге табаның тигенде, сосын өзің оқыған мектеп табалдырығын аттағанда, содан кейін әке-шешен, бүкіл ата-бабаң жатқан жердің күші. Міне, осы жағдайларда өз басым ерекше күйге енемін.

Біздің Шер-ағаң «Алдымен елге тигізер пайданды ойла, өз пайдаң соның ішінде» дейтін. Саналы ғұмырымызды елге қызмет етуге жұмсап келеміз. Бір оқиғаның еске түсіп тұрғаны. Сонау 90-жылдары біздің Сарысу ауданына облыс әкімі бірде-бір рет келмеді. Ауылдағы ағайын тірі әкімді ешқашан көрмеген ғой. Ауызсу жоқ, жердің шаңы шығып жатыр, жол тозған, ауру қозған. Соны көтеріп үлкен мақала жазып, нәтижесінде ауданымызға облыс басшысы келіп, бәрін көзімен көріп, үлкен қозғау болып, халық бір жасап қалғаны бар. Мұны мақтаныш үшін айтып отырғаным жоқ. Әркім өзінің мүмкіндігіне қарай пайдасын тигізеді туған жеріне. Мен елдің, жердің жағдайын қолымдағы қаламмен жаздым, туған өлкеме солай қызмет қылдым. Ал мына Сәуле, Ардак апайларың елдің рухын ән-жырмен көтеруге көп еңбек етіп жүр. Жергілікті талантты жастарды жарыққа шығарды. Туған жер – біздің әрдайым жүрегімізде. Сондықтан жиі барып тұрамыз.



рау, жыршы Жамбыл Жабаев, жауырыны жерге тимеген қазақ балуаны Балуан Шолақ, қазақтың әйгілі халық ақыны Кенен Әзірбаев, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза, кино және театр актері, КСРО халық артисі Асанәлі Әшімұлы секілді тұлғалар дүние есігін ашқан қасиетті өңір.

Кітапхананың жас оқырмандары алдымен лед-экраннан Жамбыл облысы жайында түсірілген бейнежазбаны тамашалады. Сосын жазушы, журналист, әнші мейман-

дар өткенге саяхат жасап, туған жер жайында, елдің қадір-қасиеті туралы тағымды әңгімелер айтып, жастарды ұйытты. Қали Сәрсенбай «кітапханаға кітапсыз келуге болмайды» деп, Сарысу ауданының перзенті Илья Жақанов туралы жазылған «Дүлдүл» кітабын және «Қазақтың Қадырын» (ақын Қадыр Мырза-Әлі туралы) сыйға тартты. Ал бала күндерінен домбыраны серік етіп келе жатқан қос ару – Сәуле Жанпейісова мен Ардак Исатаева қонаққа де ретінде жырдан шашу шашып, рухани кештің әрін кіргізді.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ӘДЕМІ ӘЙЕЛ»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры
(Абай даңғылы, 117).
Күні мен уақыты:
18 қараша, сағат 18.30.



«ЖАПОНИЯ МӘДЕНИЕТ КҮНІ»

Өтетін орны: ҚР-ның
Мемлекеттік орталық музейі
(«Самал», 1/44).
Күні мен уақыты:
18 қараша, сағат 13.00–16.00.



«ШАҒАЛА»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы
Қазақ мемлекеттік
балалар мен
жасөспірімдер театры
(Абылай хан даңғылы,
38-үй).
Күні мен уақыты:
19 қараша, сағат 18.30.





ӨЗ СӨЗІМ-ӨЗІМДІКІ

САҚАЛДЫ ШАЛДЫҢ «САРҚЫТЫ»

Балуан Шолақ атындағы спорт сарайының маңдайшасына оның суретін жапсырудың жөні бар ма еді?!

Бүгінде Алматыда және басқа қалаларымызда шетелдік «KFC» компаниясының жарнамасы үйреншікті көрініс. Бұл компанияның негізін Харланд Сандерс деген адам қалағанымен, кейін кәсіпорын қолдан-қолға өтіпті. Бірақ он бір түрлі дәмдеуіштен тұратын қоспаны ойлап тапқан Сандерстің суреті, әуелгі шарт бойынша, фирманың таңбасында (логотипінде) қала бермек. Алпауыт тамақтандыру жүйесінің мейрамханалары Алматыда ғана тоғыз жерде елдің тоғыз басады екен. Бірақ бізді ойландыратыны, асқазанның қамы емес. Сақалды шалдың жарнама суретін (логотипін) қолданудағы талапсыздық пен талғамсыздық. Ақшаға бас ұрған кейбір шенеуніктердің «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарсаның» кебін киген кісәпір кейпі жирендіреді.

«КЕНТУККИДЕ ҚУЫРЫЛҒАН ТАУЫҚТАН» КӨЗ СҮРІНЕДІ

«KFC» компаниясының ағылшынша қысқарған атауының толық мағынасы «Кентуккиде қуырылған тауық» дегенді білдіреді. Бұл – «қанатты түліктің» етінен баптап, сан алуан ас мәзірін ұсынатын мейрамханалардың халықаралық жүйесі. Жер жүзін шырмап тастаған «өрмек» иесінің орталығы АҚШ-тың Кентукки штатының Луисвилл қаласында «қоразданады». Соңғы деректер бойынша «KFC»-дің 800 мыңнан астам қоғамдық тамақтандыру орындары әлемнің 130 елінде «ұя» салған.

Шынында да қазаншыны бетімен жіберсең, «ішің түйіліп, ұшынбақ» түгілі, өзіңнің кім екеніңді «танымай» қалуың оп-оңай. Қай нәрсенің болсын, әсілі жөн-жосығы бар емес пе? Мәселен, Алматының Абай даңғылындағы сақалды шалдың алашадай суреті «көзге шыққан сүйелдей». Мұндай «қонақжайлықтың» сыры да ел-жұртқа жақсы мәлім: ақшаға аранын ашқандардың арам «сыбағасы» жүрек айнытады. Оған да талай куә болғанбыз. Сонау 90-жылдары Америка мен Еуропадан қаңғып келген, өз елінде қарызға белшесінен батып, кенеп шалбар киген «кәсіпкерлердің» алдында құрдай жорғаладық. Жаңағыларды, бейнебір, үлкен бизнес иесі секілді қоллапастағанымыз да есімізде. Бұл сөйтсек...

«ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ» ЖАҢА ТҮРІ

Шетел «бизнесмендерінің» көпшілігі мемлекеттен несие алып, өз жерінде «шонқиған» шаруасын мұхит асып, дөңгелетіп әкетуден үміттілер болып шықты. Капитализмнің негізгі заңы – қосымша құн заңын жап-жақсы меңгеріп, алақандарын ысқылап жеткен беттері екен. Ондайлар жалдамалы жұмысшының жаңағы – «ақы төленбеген еңбегінің «жемесіне» (қосымша құн) жалаңдап тұрды. Алайда, «қосымша құнның» капитал дүниесі мен біздегі айырмасы жер мен көктей. Олай болса, шоқша сақал Сандерстің суреті айтпақ ойымыздың тамыздығы ғана. Әрине, ол да қаба сақал Маркс ашқан «қосымша құн» заңының арқасында жұмысшының маңдай терін сорғалата сығып, пайда табудың небір айла-тәсілін меңгерген кәсіпкер.

Сонымен, Балуан Шолақтай қазақтың ұлы перзентінің есімін иеленген спорт сарайының маңдайына сақалды шалдың суретін жапсырудың жөні қайсы?! Тіпті, компания логотипінің көлемі алдын ала келісілуі керек емес пе? Әйгілі аспаздың Абай Құнанбайұлының даңғылына қасқая қарап, «көкірек керуінің» себебі де тағы сол «қосымша құнның» салдары. Өркениетті капитал әлемінде «қосымша құнды» абсолютті және салыстырмалы жолдармен қалтаға басады. Атап

айтқанда, біріншісінде, ақы төленбейтін уақытты ұзарту, ал екіншісінде жаңа техника мен технологиялардың көмегімен ақы төленетін уақытты қысқарту арқылы қол жетеді.

Ал бізде болса, «қосымша құнның» үшінші – «жемқорлық» түрі «дертке» айналды. Пайдаға шаш-етектен батудың жаңа түрін ойлап тапқан шетелдік және отандық кәсіпкерлердің «іскерлігі», тіпті қаба сақал Карлдың «қосымша құн» заңын «шаң қаптырғандай». Бұдан былай ақы төленетін немесе төленбейтін уақытты тиісінше ұзарту мен қысқарту үшін әуреге түсу қажет болмай қалды. Бізде, жер қойнауының «есепсіз» байлығын немесе бюджет қаржысын жең ұшынан жалғасып, көмейден асырудың (өле жегенше, бөле жеудің) небір жымысқы әрекеті іске асты. Осылайша «қосымша құнның» жаңа түрі, яғни үшінші – «жемқорлық пен паракорлық» кекірік атты.

Күні кеше ғана республика Президентіне берген есебінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің басшысы келтірген деректер еріксіз жағанды ұстатады. Ұрлыққа құрылған «жабайы» капитализмнің құбыжық сиқы жүрек айнытарлық. Егемендіктің әуелгі 30 жылындағы «қосымша құнның» сыбайластық «бағын ашқан» жаңа – «жемқорлық» түрінің тонаушылық пен қиратушылық әрекеті жойқын. Оның экономикалық зардабы өз алдына, жас ұрпақты «елітіріп», теріс жолға итермелейтіні алаңдатады. Өткен қыста Екібастұзда болған апатты жағдай да халықты басып, жанышқан олигархтар мен олармен «әріптес» шенеуніктердің «қосымша құнды» аса «шебер» меңгергенін көрсетті.

«АЛАҒАН ҚОЛЫМ – БЕРЕГЕН» ҚАҒИДАТЫ

Жең ұшынан жалғасқан сыбайластар есепсіз байлыққа кенелді және майлы қасықша жылпылдап, талтаң-талтаң басады. Сонда қатардағы халықтың орта құрсақ күн кешіп, аязда дірдек қаққанының обалы кімде?! Тапқан табысы күнделікті ішіп-жемінен аспай, пәтер жалдағандар мен лашық паналағандардың обалын кім ойлайды? Өрт «жалмаған» бүлдіршіндер мен өзіне-өзі қол салған жеткіншектердің қасіретін кім көтереді? Осылай боларын, өкінішке қарай, жергілікті



билік органдары білмеді емес. Халық меншігіндегі жер қойнауының байлығын «ұры мен жебір» «бауырына басып, алтын жұмыртқаны» емін-еркін шайқады.

Қарағанды кеншілерінің басын торлаған бұлттың сейілмей тұрғаны сол сыбайлас жемқорлықтың салдары екені даусыз. Уыстап «асату» мен қалтаға басудың небір айла-тәсілін меңгерген ашқарак «көмейлерді» шөміштен қағып, шашалтуға ешкімнің қауқары жетпеді. Ебін тауып, екі асау қалыпты нормаға айналды. Тіпті, қызмет аламын десең, өзін де жеп, «көкенең» де асата білу «қосымша құн» табудың талабына айналды.

Қысқасы, «алаған қолым – берген» қағидатын меңгергендер бизнесте «шортанша» жүзіп, «малти білмейтіндер жағалауда шоршып» жатты. Кейбір мекеме мен кәсіпорын басшылары «қақпанға түссе», бұған оларды «қамшылап, арандатқан» жоғарыдағы «қамқоршылары» кінәлі екені айдан анық. Ең масқарасы, жаңа олигархтар мен олардың сыбайластары өздерінің ақшамен арбап, тым арзанға алған кәсіпорының ғана иесі екенін мүлде естен шығарды. Олар жер байлығының халықтың меншігі екені туралы мемлекетіміздің Негізгі заңы – Конституциямызға жазылып қойылған айнымас қағидаға пысық қырған емес. Себебі, заң мен адам құқы да жаңағы «жайын ауыздарға» жұтылып, бойына сіңе берсе, өзсүремегенде қайтсін?!

Ең өкініштісі, Әділетті Қазақстанға бағдар ұстаған кезде де ондайлар әлі де халық қазынасын, әкесінен мұраға алғандай, оңды-солды шашудан дәмелі. Жер астынан қазып, яки «сорып» алады да, өздерінің қалауынша сатып, тарата береді. Осының бәрі аз десеңіз, «ұрылар» шикізат үшін мемлекетке жарытып ақы да төлемейді екен. Тіпті, тиісті салықтан да жалтарып, тапқан табысы үшін халыққа «тарыдай сыбағасын» да қимайды. Мәселен, электр қуаты үшін халықтың да, кәсіпкерлердің де тиісті мөлшерден екі немесе үш есе көп төлеп келгені жақында ғана мәлім болды. Ал биткоин шығаратын майнинг фирмаларының жөн-жосықсыз пайдалануынан жарықтың жиі өшуі үйреншікті жағдайға айналды.

Қосымша құнның» жаңа – «жемқорлық/паракорлық» түрін ашқан сыбайластардың өздері де, ортадағы делдал «қызымқаларының» да пайдаға аузы-мұрнынан шыққанша кенелуінің деректері толып жатыр. Барлық пайда жалған «өндіруші» мен тұтынушының арасындағы алыпсатар делдалдардың жұтқыншағынан асып, құмға сіңгендей зым-зия.

«Қосымша құнның» жаңа түрін ойлап табу қаба сақал Маркстің теориялық мұрасын дамытқан шоқша сақал Лениннің де қолынан келмеген еді. Ал социализмнің негізгі заңының құр тілектен аспай қалғанын білеміз. Атап айтқанда, Маркс ғылыми негіздеген, Ленин дүниені дүбірлеткен социализмнің негізгі заңы – «қоғамның барлық мүшесінің әл-ауқаты мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету» заңы болатын. Жаңағы жалаулатқан ұранды жүзеге асыру үшін табыс табудың маркстік «қосымша құн» секілді нақты тергершігі жоқ екені көзге оттай басылады.

Кезінде Алматыдағы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы ретінде өзіміз басымызға жастанып оқыған Маркстің екі томдық «Капиталының» капиталистік қоғамға арналған біріншісі айтарлықтай баурап алатын. Бірақ тап сол «Капиталдың» социализмге арналған екінші томы тез жалықтырады. Бұл да оның қаба сақал авторының өзі өмір сүрген капиталистік қоғамды жақсы біліп, «адам игілігіне қызмет етеді» деп қиялдаған жаңа қоғамды жете білмеумен түсіндірілсе керек.

Алайда, өндіріс құрал-жабдыктарына мемлекеттік меншікті енгізген, әділеттілікке қол жетеді деп сендірген социалистік жүйе ақыр-соңы құрдымға кетті. Демократияны «бір орталыққа бағыну мен темірдей тәртіп» деп, жариялылыққа «тұмылдырық» кигізген қоғамның халықты қаншалықты азапқа салғанын егемен ел болған соң ғана білдік. Соған да қарамастан кейбіреудің адамды «кызылсөз» ұрандармен арбап, «нұрлы болашақпен» емексіткен кеңестік кертәбан кезеңді аңсап, «ол да тарих қой» деп мүләйімсігені өкінішті-ақ! Тарихтың да қазқа керегін алып, зарарын ұмытудың қажеті ондайлардың миына да кірмейді. Комсомолдың туған күні мен Қазан төңкерісін сағынып, әлі де болса бірін-бірі құттықтауды ұмытпай жүргендер де солар. Дауасызға не шара?!

Болат
ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ДОН КИХОТ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры (Қабанбай батыр көшесі, 110).
Күні мен уақыты:
19 қараша, сағат 18.00.



«ЕУРОПА МУЗЫКАСЫ»

Өтетін орны:
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы (Қалдаяқов көшесі, 35).
Күні мен уақыты:
19 қараша, 18.00.



«№37»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103).
Күні мен уақыты:
19 қараша, 20.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



СПОРТ

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Алматылық спортшылар республикалық жарыста топ жарды

Алматы қаласы «Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығының спорттық командасы Қарағандыда юнифайд-волейболдан өткен республикалық турнирден жеңіспен оралды. Юнифайд – атлеттер (дамуында ерекшеліктер бар адамдар) мен оларға серіктес адамдардың (дені сау спортшылар) бір командаға бірігетін арнайы спорт түрі.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Айта кету керек, «Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығы – I және II топтағы психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекеме. Олар онда стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алады. Қазіргі уақытта орталықта жүйкесі жүйесінде кінәраты бар 700-ге жуық адам тұрады. Көптеген пациенттер мұнда жылдар бойы өмір сүреді, сондықтан олардың өмірі жағымды оқиғаларға, сондай-ақ физикалық белсенділікке толы болуы маңызды. Олардың арасында спорттық жарыстарға жиі қатысатын жандар аз емес. Көпшілігі футбол, волейбол, дөйбис және үстел теннисі командаларының мүшелері. Қалалық және республикалық, сондай-ақ халықаралық жарыстарда да бой көрсетіп жүр.

Юнифайд-волейболдан «Демеу» командасында аталған әлеуметтік қызметтер орталығының 4 қызмет алушысы ойнады. Олардың ең үлкені 54 жаста, ал ең кішісі, команда капитаны 30-да. Турнирге еліміздің әр өңірінен 19 команда қатысты.

Бұған дейін орталықтың футболдан жасақталған басқа командасы Павлодар

қаласында өткен футболдан республикалық турнирде 2-орын алған болатын. Ал 2020 жылы орталық командасы Латвияның Каунас қаласында өткен «Еуропалық футбол апталығы» аясында юнифайд-мини-футболдан республикалық турнирдің бірінші орнын жеңіп алды.

Дәулет Байкенов – «Демеу» орталығы қызмет алушыларының бірі. Онда екі жылдан бері тұрып келе жатыр. Ол мұнда алғаш келгенде немен айналысарын білмегенін айтты. Бірақ көп ұзамай ол орталықтың спорттық өміріне етене араласып кете барған. Бүгінде өз өмірін ойынсыз елестете алмайтынның да тілге тиек етті.

«Орталыққа ең алғаш келген апталарда мен басқалардың футбол, волейбол ойнап жатқандарын сырттай бақылап жүрдім. Маған ойыншылардың жеңіске жетуге деген құштарлығы, рухы әсер еткендей болды. Сосын өзім де сол жаққа икемделе бастадым. Бүгінде бос уақытымның бәрін спортқа арнаймын. Алдымен мені волейбол командасының негізгі құрамына алып, ал биыл капитан етіп сайлаған кезде қатты қуандым.

Біз Қарағандыда өтетін жарыстар туралы білген соң, жаттығуларымызды үдете түстік. Бұл еңбек, міне, бізге бірінші орын сыйлады. Спорттың арқасында Қазақстанның түрлі аймағында жақсы достар таптым», – дейді Дәулет Байкенов.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данипа ЫСҚАҚОВА,
«Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры:

Спорт – денсаулық, күш-қайрат, сұлулық

Спорт – денсаулық, күш, сұлулық, қарым-қатынас. Сондықтан біздің орталықта спортқа жақын қызметкерлерге де, қызмет алушы жандарға да ерекше мән беріледі. Бізде бәрі әрқашан қимыл-қозғалыс үстінде. Бізде шаршауға жол жоқ. Орталық аумағында спорт кешені, яғни футбол, волейбол, баскетбол алаңы бар. Онда біз бөлімшелер мен қызметкерлер арасында жиі жарыстар өткізіп тұрамыз. Сабақтар мен жаттығулар тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. Сондықтан әбден шыңдалған біздің қызмет алушылар 19 команда арасында юнифайд-волейболдан бірінші орынды иеленді деп ойлаймын. Біздің қызметкерлер қалалық, республикалық жарыстарға, оның ішінде «Алматы марафондарына, сондай-ақ Astana half marafon-2023 халықаралық марафонына белсенді қатысатынын атап өткім келеді.

ОЙ-ПАЙЫМ

БІЗ ДҰРЫС ТАМАҚТАНА БІЛЕМІЗ БЕ?

пайдалы тағамдар мен сусындарға сұранысты арттыру керек

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) дерегі бойынша халық денсаулығының 20%-ы тұқым қуалайтын кеселдерге, тағы 20%-ы әлеуметтік жағдайға, 10%-ы денсаулық сақтау деңгейіне және 50%-ы әр адамның өмір сүру салтына байланысты болады. Ал салауатты өмір салтына – еңбек ету мен күн режимін сақтау, жеке бастың тазалығы, ең бастысы – тамақтану мен қимыл-қозғалыс кіреді. ҚР Туризм және спорт министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылы Қазақстанда халықтың 34,2%-ы спортпен айналысқан, бұл көрсеткіш бір жыл бұрын 31,6% болған. Яғни спортқа халықтың қызығушылығы артып келеді. Ал Денсаулық сақтау министрлігі елімізде жалпы алғанда 23,2% адам салауатты өмір салтын ұстанатынын анықтаған.



Досбол
АТАЖАН

Дені сау ұлттың сыры – спорт пен дұрыс тамақтану. Еліміздегі бұқаралық спорттың жағдайына қысқаша тоқталып өттік. Ал дұрыс тамақтану мәселесіне келсек, біздің халық не ішіп, не жейді? Әйгілі халықаралық нарықтық зерттеулер агенттігі Euromonitor International 2022 жылдың қараша айы мен 2023 жылдың наурыз айында Қазақстандағы азық-түліктің құрамын зерттеп көрді. Сарапшылар нарықта азық-түлік туралы деректердің жетіспейтіндігін және халықтың қанша калория мен кант тұтынатынын жөнінде сенімді статистика жоқтығын атап көрсетті. Сондықтан Euromonitor International Қазақстандағы әртүрлі бөлшек сауда нүктелеріндегі азық-түлік пен сусын өнімдерінің тағамдық құнарын қарастырған. Зерттеу барысында тек оралған азық-түлік есепке алынғанын ескеру керек. Оған жұмыртқа, ет, балық және теңіз өнімдері, сондай-ақ жаңғақтар, бұршақ және балаларға арналған (сүттен жасалған) тағамдары кірмейді.

Euromonitor мәліметі бойынша, 2022 жылы Қазақстанда барлығы 764 миллион литрден астам алкогольді және 3 миллиард литрден астам алкогольсіз сусындар, 2,9 миллион тонна әртүрлі оралған азық-түлік өнімдері, 3,2 миллион

тоннаға жуық көкөністер мен жемістер (оның ішінде 2,2 млн тонна картоп) сатылған.

Бір қызығы, коронавирус пандемиясынан кейін азаматтар денсаулыққа көбірек көңіл бөліп, қазақстандықтар жеміс-жидек пен көкөністерді көбірек тұтына бастаған. Бұл санаттағы тағамдарды сатып алу көрсеткіші күрт өсіп, өткен жылмен салыстырғанда, көкөністердің сатылымы 11%-ға, жемістердің сатылымы 7,5%-ға артқан.

Жалпы, 2022 жылы ең көп сатылған жеміс-жидектің «бестігі» келесідей болды:

- алма – 85,6 мың тонна;
- банан – 32 мың тонна;
- алмұрт пен айва – 30 мың тонна;
- мүкжидек, көкжидек, қаражидек – 28 мың тонна;
- апельсин мен мандарин – 23,4 мың тонна.

Сондай-ақ, қазақстандықтар сатып алған басты көкөністер қатарында мына өнімдер болды:

- картоп – 2,2 млн тонна;
- қызанақ – 100 мың тонна;
- пияз – 74 мың тонна.

Осы уақыт аралығында гүлді қырыққабат пен брокколи тек 1,2 мың тонна ғана сатылыпты. Euromonitor International зерттеуінше, микроэлементтер мен витаминдерге бай спаржа, батат, сельдерейдің бағасы қымбат болғандықтан, азаматтарымыз кабачки, асқабақ, қызылша, сәбіз, кәдімгі қырыққабат сынды көкөністердің арзандауын көбірек тандаған.

Сондай-ақ, Euromonitor сарапшылары пандемия кезінде денсаулығы мен иммундық жүйесіне алаңдаған көпшілік қантты көп мөлшерде тұтынуды азайтқысы келгенін анықтаған. Алайда, әлеуметтік шектеулер алынып тасталған соң, пандемия кезінде сақталған диеталық тәртіптер бұзылған. Үн және кондитерлік өнімдер жан басына шаққанда бір күнде тұтынатын калория мен кант мөлшері бойынша әлі де алда келеді. «Азық-түлік пен сусындарды тандауда ең басты фактор тағамның дәміне тірелетіндіктен, кондитерлік өнімдер, күлше, тәтті тоқаш, ұннан жасалған тағамдар әлі де алда келеді», – дейді сарапшылар.

Құрамында қанты бар ең көп тұтынылатын үшінші ірі азық-түлік санаты – алкогольсіз сусындар. Олардың ішінде қола сияқты құрамында қанты бар сусындар бірінші орында (барлық алкогольсіз сусындар сатылымының 26%), ал газдалған қанты бар сусындардың басқа түрлері екінші орында (18%). Алкогольсіз сусындар нарығының 10%-ын ішуге дайын шай, ал бөтелкедегі су 22%-ын құрайды.

Сарапшылар бірнеше жылдың бедерінде қазақстандықтар үшін кант аз қосылған сусындар мен шырындардың маңызы артатынына сенімді. Қазақстанда күні бойы, көбіне тәтті-мәтті қойып, кант қосылған шәй ішу әдеті кең тараған. Ол кант пен кант қосылған тағамдардың көп сатылуына ықпал етеді. Дегенмен, тұтынушылардың денсаулық сақтауға жіті назар аударуы өзге де денсаулыққа пайдалы тағамдар мен сусындарға сұранысты арттырады деп сарапшылар болжайды.

Алкогольді сусындардың ішінде сатылымының 84%-ы сыраға, 10%-ы шарапка, 5%-ы араққа, ал қалған шағын үлесі дайын коктейльдер, ликерлер мен күшті алкогольге тиесілі. Euromonitor мәліметі бойынша, 2022 жылы алкоголь сату – өткен жылмен салыстырғанда, 4 пайызға, яғни шамамен 32 миллион литрге азайған.

Сонымен қатар, агенттік сарапшылары Қазақстан үкіметінің семіздік мәселесіне қатты көңіл бөлуінен нәтиже шықты дейді. ДДҰ-ның мәліметіне сәйкес, 2016 жылы осы мәселеге тап болған адамдар саны 33%-ды құраса, 2022 жылы 24%-ға дейін азайыпты. Оған тек салауатты өмір салтын қалыптастыру үрдісі ғана емес, тамақтану стандарттарын енгізу де едәуір ықпал етті.

2022 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, өлімге жиі душар ететін сырқаттарға қан айналым жүйесі аурулары, тыныс алу жүйесінің ісіктері мен аурулары, уланулар, жарақаттар мен ас қорыту жүйесінің аурулары кірді. Бір қызығы, кант диабеті бұл қатарға кірмеген. Кант диабетіне қарсы қабылданған ұлттық бағдарлама мен түрлі науқандар халық арасында кант диабеті туралы мәліметтің көп таралуына жол ашып, осы сырқаттан көз жұмағандар санын азайтты. Кейінгі жылдары кант диабетіне шалдыққандар саны азайып келеді. Халықаралық Диабет федерациясының мәліметіне сәйкес, Қазақстанда 20–79 жас аралығындағы адамдар арасында кант диабетінің таралуы 2016 жылы 6,7%-ға, 2021 жылы 6,3%-ға төмендеген. Бұған қоса, Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі 2021–2025 жылдарға арнап «Дені сау ұлт» жобасын жасады.

Онда бірқатар мақсаттар қойылған:

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- медициналық қызметтердің сапасын арттыру;
- ғылыми медицина мен кадрлық әлеуетті дамыту;
- денсаулық сақтауда бірыңғай цифрлық кеңістік қалыптастыру.

Ол жүзеге асқан соң елдегі азаматтардың өмір сүру сапасы артып, орташа жас 75-ке жетеді деген үміт бар.



● КОНГРЕСС

«АҢСАҒАН СӘБИ»

бағдарламасы 2030 жылға дейін ұзартылатын болды

Елімізде әр 6-шы отбасы бедеуліктен зардап шегеді. Оған экологияның нашарлығы, әйел мен еркек денсаулығының төмендігі себеп. Сондықтан да қазір экстракорпоралды ұрықтану (ЭКО) әдісіне сүйенетіндердің саны артып барады.

Алматыда Қазақстан репродуктологиялық медицина қауымдастығының XV Халықаралық конгресі өтті. Онда «Бедеулікті емдеудің заманауи жолдары. Бүгінгі және болашақ қосалқы репродуктивтік технологиялар» тақырыбы талқыланды.

2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде үш жылға арналған «Аңсаған сәби» бағдарламасы қабылданып, мемлекеттік квотаның саны жеті есеге ұлғайтылған болатын. Бұл туралы халықаралық конгресте Қазақстан репродуктологиялық медицина қауымдастығының президенті Вячеслав Локшин мәлімдеп, үш жылдық бағдарламаның нәтижесімен бөлісті.

«2021–2023 жылдар аралығында 21 000 отбасына экстракорпоралды ұрықтану әдісі қолданылып, 10 000-нан астам бала дүниеге келді. Бұл – үлкен көрсеткіш. Енді «Аңсаған сәби» бағдарламасы 2030 жылға дейін ұзартылатын болды. Біз жыл сайын міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен 7000 жасанды ұрықтануды жасауды әрі қарай жалғастырамыз. Яғни алдағы жеті жылда бедеулікке шалдыққан 49 000 отбасы аталған бағдарламаға қатысып, ата-ана атануына мүмкіндігі бар», – деді ол.

Конгресте кейінгі 15 жылда елімізде репродуктивті медицина деңгейінің даму қарқыны, әлемдік жаңа технологияларды елімізге әкелу сияқты мәселелер талқыланды. Әлемдік репродуктивті медицина жатыр трансплантациясы, эмбрионды, баланы жасанды жатырда өсіру сияқты әдістерді енгізіп жатыр. Мәселен, Швецияда жатыр трансплантациясы жасалған. Бұған қатысты профессор, репродуктолог В.Локшин мынадай пікір білдірді: «Жатыр трансплантациясы, әрине, өте қиын операция, оған үлкен дайындық керек. Бөтен жатырды әйелдің ағзасы қабылдай ма, жоқ па, ол үшін ұзақмерзімді дәрілер тағайындау сияқты қиындықтар бар. Трансплантациядан гөрі жасанды жатырды қолдану әдісінің болашағы зор дер едім. Дүние жүзінде бұл әдіске қызығушылық зор. Өзірге ғалымдар жасанды сиыр жатырына эмбрион өсіріп, одан туған бұзауға бақылау жасауда. Сондықтан репродуктивті меди-



цинада алдағы уақытта жасанды жатыр пайда болуы мүмкін».

Іс-шараға ҚР Сенат және Парламент мәжілістерінің депутаттары, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Назгүл Иманғалиева, еліміздегі ірі ғылыми-медициналық орталықтардың жетекшілері, АҚШ, Сауд Арабиясы, Дания, Испания, Ұлыбритания, Португалия, Қазақстан, Грузия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан жетекші мамандар қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ОТАРБАЕВ, генетик:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭМБРИОНДЫ ҚАДАҒАЛАП ОТЫРАДЫ

Иә, репродуктивті медицинада осыдан 10 жыл бұрын қолданылған әдістер бүгінде түрленіп, жаңа технологиялар енгізілді. Ауыз толтырып айтарлық жетістік – жасанды интеллект. Яғни эмбриоскоп таймлапс режимінде сау эмбрионды таңдап, оның даму жағдайын бақылап отырады. Әр 5–10 минут сайын эмбрионды суретке түсіріп, дәрігерге оның әр өзгерісі туралы ақпарат беріп тұрады. Мұндай жасанды интеллект эмбриолог, генетик мамандарға үлкен көмегін тигізіп отыр. Жасанды интеллект эмбрионды жатыр қуысына енгізбес бұрын, бес күн ғана толған эмбрионға диагностика жасап, тұқым қуалайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осындай жаңа технологияларды енгізу, басқа елдің тәжірибесіне үңілу, оларды біздің елге енгізуде бүгінгідей халықаралық конгрестің пайдасы зор.

● ТӘЖІРИБЕ

Мегалополистегі Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «Алматы қаласын дамыту бағдарламасының жол картасына» сәйкес, «AYALA» қайырымдылық қорының жетекшілігімен Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің Солтүстік-Батыс федералдық округі бойынша бас акушер-гинекологы, профессор Михайлов Антон Валерьевич «шеберлік сабағын» өткізді.

БІЗГЕ БЕРІЛГЕН БАҒА ЖОҒАРЫ

Алматылық акушер-гинекологтарға шетелдік профессор «шеберлік сабағын» өткізді

Алматылық акушер-гинекологтар мен УДЗ мамандары үшін ұйымдастырылған акушерлік және перинатологияның өзекті мәселелері бойынша бірегей және танымдық іс-шараны ашқан Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Назгүл Иманғалиева ана мен бала денсаулығы еліміздің болашақ әлеуетінің негізін құрайтынын атап өтті. Сондай-ақ, қала әкімдігінің қолдауымен дәрігерлер жақын және алыс шетелдерде осылай үздіксіз білім алып, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін халықаралық озық тәжірибені енгізіп жатқанын тілге тиек етті.

Ал Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының директоры Гүлнар Нұрланова: «Орталық 13 жыл бойы жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге, жаңа туған нәрестелер мен туа біткен жүрек ақауы бар балаларға жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіп келеді. Орталық Италия, Израиль, Корея және Ресейдің жетекші клиникаларымен жұмыс істейді, қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін түрлі елден келген дәрігерлердің қатысуымен көптеген «шеберлік сабағы» өткізіледі. Орталықта былтыр 8206 бала дүниеге келді, оның 840-ы шала туды. Ұрықтың туа біткен ақауын дер кезінде диагностикалау мақсатында 2022 жылдың қыркүйегінде бізде «Ұрықтың күтімі» орталығы құрылды», – деді.

● БРИФИНГ

БАЛАМЕН КӨП СӨЙЛЕСІҢІЗ

Сәби үілдеген дыбыс шығармаса да, дабыл қағу керек

Логопедтердің, психологтар мен дефектологтардың негізгі жұмысы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту. Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке келген педагог-психолог, дефектолог Әсел Сағадатова баланың сөйлеуінде кешеуілдеу барын қалай тануға болатынын және оның себебі неде екенін айтып берді.

Дефектологтың айтуынша, «кеш сөйлеу» диагнозы үш жасқа дейінгі балаларға қойылады, яғни бұл оларда осы жасқа дейін сөздердің минималды сөздік қорының қалыптаспағанын көрсетеді. Психикалық сөйлеу дамуында тежеліс бар балалар әдетте қысқа сөйлемдермен сөйлейді, сын есімдерді аз қолданады, сұрақтарды аз қояды.

«Негізгі белгісі – өз жасына, деңгейіне сәйкес емес сөйлеуінде. Бір жарым, екі жасқа дейінгі бала қалыпты жағдайда елуге жуық сөзді білуі керек. Егер олай болмаса, түзету сабақтарына бару керек және неғұрлым ертерек барса, соғұрлым жақсы», – деді ол.

Дефектологтың сөзіне сүйенсек, бала тілінің шықпай, кешеуілдеуіне әкелуі мүмкін себептер: педагогтың салғырттығы; жарақат салдары; психикалық дамуының кешеуілдеуі; аутизм; интеллектуалды дамуының кешігуі.

«Егер баламен сөйлеспесе, яғни баланың сөйлеуге құлқы болмаса, оның тілінің шығуы да кешеуілдейді. Яғни баланың сөйлеміне ата-аналардың өздері де әсер етеді. Тағы бір себеп – жарақаттар, аурулар және мидың зақымдануы немесе баланың анасының құрсағында, болмаса өмірінің бірінші жылында болған жұқпалы аурулар. Есту қабілеті нашар балалардың да тілдері

кеш шығады, өйткені ол басқалардан естігенін нақты қайталай алмайды», – дейді маман.

Мұндай жағдайларда сөйлеудің кешігуі себептерін анықтау үшін невропатологқа, логопедке, ал кейбір жағдайларда психиатр мен балалар психологына бару керек.

Нақты диагнозды кешенді тексеруден кейін невропатолог, логопед, психолог және сурдолог қана қояды. Егер балаға сөйлеу дамуының кешігуі диагнозы қойылса, сөйлеуден басқа барлық негізгі психикалық функциялар сақталады деп атап өтті сарапшы.

Сөйлеу дамуының кешігуі психикалық-сөйлеу дамуының тежелуіне әсер етуі мүмкін. Бұл – мидың, орталық жүйке жүйесінің дамуындағы ауытқулардың салдары. Екі аурудың арасындағы негізгі айырмашылық, бірінші жағдайда баланың сөйлеуі ғана кешеуілдейді, баланың психикалық және эмоционалдық дамуы қалыпты болады. Ал психикалық-сөйлеу дамуының кешеуілдеуінде оның дамуының және жалпы интеллектуалдық жағынан артта қалуы байқалады.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Әсел САҒАДАТОВА, педагог-психолог, дефектолог:

АТА-АНА ҚАНДАЙДА БІР АУЫТҚУШЫЛЫҚТЫ БАЙҚАСА...

Әр бала жеке, өзінің дамиды. Дегенмен, көз алдыңызда жүрген балдырғанның психикалық дамуында кешеуілдеу барын аңғаруға болады. Мәселен, нәресте ешқандай дыбыс шығармай, үнсіз жата берсе, тіпті үілдеген дыбыс шығармаса да, дабыл қағу керек. 1 жасар бала өзіне қарата айтылған сөзге немесе әрекетке кері байланыс бермеуі де алаңдаушылық туғызуы қажет. 1,5 жасында балалар заттарды есту арқылы танып, оларды суретпен көрсете алуы керек. 1,5–2 жасар бала ересектердің «кәні, аузыңды аш», «қасықты ала ғой» деген «бұйрықтарын» еркін орындай алуға тиіс. 2-3 жас – жеке сөздер мен тұтас сөз тіркестерінің айтатын кезең. Ал 4 жасқа дейін балалар сөйлемдерді, тіпті егер дыбыстардың көпшілігі дұрыс айтылмаса да, толыққанды қолданады. Баласының әр тынысын, қадамын, жүрісін, сөзін, күлкісін, ойнағанын қадағалап отырған ата-ана ондағы қандайда бір ауытқушылықты байқаса, дереу маманға жүгінгені абзал.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ТАЛІМ-ТӘРБИЕ

АР мен ҰЯТ

бәрінен жоғары тұруға тиіс

Қазіргі таңда адам баласы қайда барам десе де, өз еркі. Оның қолын ешкім қақпайды, аяғын тұсамайды. Алайда, шексіз-шетсіз шекара жоқ. Әйтеуір бір тоқтам, байлам болуы қажет. Әйтпесе, жер ғаламшары түгілі, өз ортанды аман-есен сақтап тұру қиынға соғады. Жалпыадамзаттық құндылықтар, тыныштық, тағылым-тәрбие туралы ой-пайымдарды бір арнаға тоғыстыруды жөн санаймыз.



Кісінің затын алма...

Бұрын үлкендер «кісінің затын алма» деп тыйым салып отыратын. Санаға сәби кезден сіңген өсиет бойда қалады екен. Тәрбиені тал бесіктен құлаққа ілмейтін немесе осы игі іспен шұғылданбайтын болып барамыз.

Біреу уақыт бұрын қалта телефоным жоғалды. Таңертең тұрып таксиге отырғанмын. Сонда қалыпты. Күні бойғы уақытым зая кетті. Ойлаған жоспар тас-талқан болды. Дереву банк есеп-шоттарын өзгертіп, бұғаттап бастадым. Түрлі ақыл-кеңес естідім. Kaspi.kz қосымшасынан төлем жіберген адамның мәліметтерін тауып, хабарласып, зорға қинап алғандай қайтардым. Сөйтіп жүріп қас қарайды, көңілге кірбің түсті. Кешкісін үйге жете шаршап-шалдығып құладым. Сонда ойланым отырсам, небәрі 30 жастың төңірегіндегі қысық көзді сары жігіт, өзінің істегеніне еш қымсынбай, сүйінші тілеп тұр. Өзі белгілі бір дүкендердің бірінде күзетші екен. Істеген ісіне шімірікпеді. Бірақ осындай пасық пиғылды көріп, «Құдай аясын сені!» деп кетіп қалдым. Жарты жолда ойланым қайта барып едім, сырттай қарап тұрып бетінде ұяттың бір белгісін байқай алмай, сол күйі оралмадық. Қуанышты жағдайды естіген жақын-жуықтар «қайтқан малда қайыр бар» десті. Хош, солай болғай! Осыған қарап жұрттың бәрі сондай деп илану әбестік болар.

Ұрлық түбі – қорлық

2000 жылдары көрші үйден жыңғыл әкеткенбіз. Шамамен, 3-4-сынып оқитын шығармыз. Сонда көрші әйел анама әлгі шалалықты келіп айтты. Сонда шешем «ешкімнің ала жібін аттама!» деп оқты көзін қадады. Бала болсақ та, сол құдіретті бір ауыз сөз мәңгі жадымызда қалды. Біз де періште емеспіз, шалыс кеткен тұстар болған шығар. Бірақ «ұрлық түбі – қорлық», осыны ұғынған жөн.

Көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасында бір затты қолды қылып, атпен біраз жер шауып кетіп, қайта әкелуші еді. Айыбын мойындап, алдынан өтетін. Дәп бүгінгі заманда өз ықтиярымен қайтаратындар қатары сиреп барады. Күштеп, өз затының қайтуына өзін әрекет етпесең құр қаласыз. Осы оқиғадан соң дербестік алған шақтан бастап бір буын алдау-арбаумен өскені ме?! Бұл да сұрақ. Иә,

1991 жылдан кейінгі кезең тоқырауға тура келді. Жұрт жетіспеушілікті көрді. Енді ештеңенің аузы аққа тиіп отыр. Баяғыда қоңсының салғырттығынан біздің бақшаны су көтеріп кеткен болатын. Сонда ақысын сұрамақ үшін көршілерге жетіп барыппын. Көрші хәм туысқан апай «өз-өзіне бекем бол, көршіңді ұры тұтпа» деді. Жалпы, халық даналығы әр нәрсеге тіл катып тұр ғой.

Не істеу керек?

Қазір қайтсем мал табам деген сауал әркімнің көкейін тесіп барады. Бәрі дереу мол қаржы табуды көздейді. Қай экономистен сұхбат алсаң да, жаңалықтарды оқып қалсаң да табысты көтеру жайын айтады. Біреу инфляцияны тежеуді ұсынады. Ендігісі айлықты арттыруды айтады және т.б. Бірақ санада мәдени өзгеріс керек.

Кезінде бабаларымыз Майқы би, Мөңке билер заманға сын айтқан екен. Би-шешендердің айтқаны бүгін дәл келіп тұр. Қалай десек те, заманды өзгерту адамның өз қолында. Себебі, жұмыр жер еркелікті көтеруі мүмкін. Алайда, орасан зор адам қолымен жасалатын қылықты кешпейді.

Қаңша батыр болса да,
Жауға салма жалғызды.
Қаңша шешен болса да,
Жауға салма малсызды.
Қаңша сұлу болса да,
Қатын қылма арсызды... –
депті бұрынғылар.

Осындай кесек-кесек сөздер бүгінгі ұрпақтың санасына сіңсе екен. Иә, дүние-мүлік бір күні жиналар. Байлыққа да қол жетер. Алайда, рухани байлық екінің бірінің уысына түсе бермес. Ақын Мұхтар Шаханов «материалдық байлық ең алдыңғы қатарда, ал рухани байлық ең соңғы қатарға ысырылып кетті» деп еді. Бұлай кете берсе, варварлық құлдырау болғалы тұр.

Нобель сыйлығының лауреаты, физик ғалым атом бомбасын жетілдіреді. Жаппай қырып-жоятын қаруға айналуына тікелей мұрындық болыпты. Оның атағы КСРО аумағынан әрі асып мәшһүр болады. Бірақ ғайыптан тайып кілт ойланады. Сөйтіп, 1950 жылдарда үдере жарыла бастаған Семей полигоны сияқты кез келген жарылысқа қарсы шығады. 1989 жылы Қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған тұста

жоғары советке халық депутаты болып сайланады. Жастайынан жарылғыш затқа бар ақылын жұмсап, ұлғайғанда әлемді қарусыз, бейбіт ғұмыр кешуге шақырады. Тоқырау жылдар тұсында өмірден озады. Оған дейін қара тізімге ілініп, біраз қысым көреді. Ол кім дерсіз, әрине академик Андрей Сахаров еді. Егде шағында өз істеген ісін ой елегінен өткізіп, адамзаттық құндылыққа бой ұрған нағыз құптарлық іс. Әрине, қарапайым жанмен салыстырып болмас, бірақ өнеге алатын мұндай істер дүниеде баршылық.

Біздің қоғамға тікелей ұрпақ тәрбиесімен айналысу қажет. Соның ішінде қазақи менталитетке жас буынды балабақшадан бастап баулыған абзал. Бұл игі іс бүгін істемесе, ертең кеш, ағайын.

Дүниені жақсы адамдар
ұстап тұр

XXI ғасыр ғылым мен жаңа технологияның дамыған шағы. Тіпті, ұшатын машина, робот, жасанды интеллект ойлап таптық деп жаһанға жар салып жатырмыз. Сол жасанды интеллект әлемде мойындалған 5-6 державадағы ядролық қарудың бірнешеуін түймесін басса, жер планетасының күлі көкке ұшпай ма? Ондайдан сақтасын!

Ақын әрі журналист Аманхан Әлім ағамыз «Олжас! Дүниені жақсы адамдар ұстап тұр, мен солардың жақсылығын көп көрдім» деуші еді. Осы бір ауыз сөз жазу үстеліне отырып әлеуметтік тақырыптарды қозғағанда, жиі ойға орала береді. Осы сөздің қадірі күн өткен сайын артып барады. Оған қазіргі дүниедегі қаттығыстар дәлел. Әйтеуір арты жақсы болса екен.

Жақсы адамдар қатары көп болса деп ойлаймыз. Қысылсаң демейтін, сүрінсең тұрғызатын, шалыс кетсең түзеп жіберетін жомарт, адал, иманды жандар көптеп қажет. Шіркін, сонда ғалам тіпті керемет болады.

Қазіргі таңда «жақсы адам» концепциясын мықтап қолға алу қажет. Оқу ордаларының бәрінде аталған қағидамен акциялар ұйымдастырылса екен. Бәлкім, сонда жаңа интеллигенция қалыптасар. Өйткені, болашақ тәрбиелі, білімді, алғыр жастардың қолында. Осыны ескерейік!

Шығармашылық адамы
бәрін байқайды

Мектепте жүргенде адамды орта тәрбиелейді дейтін. Мұғалімдер неге айта береді дейтінбіз. Қазір ештеңе түсініп келеміз.

Бәзбіреулер жап-жас кейпінде ақсақалдың сөзін неге айта береді дейтін болар. Оны да білеміз. Алайда, «ақылы асса, ініні аға тұт» деген қайран қазақ. Сондықтан қоғамдық орындардың бәрінде болған сәттер жадыға жинала береді. Қанша айналып өтейін десең де, бәрібір жан-дүниенде маздап от боп тұрады. Айтпасақ амал жоқ. Естіген құлаққа, тыңдаған миға бәрі жетіп жатыр.

Көңіл деген құрғыр қылпылдап, әр сөзге елпілдеп тұрады. Әркімдер «тік мінезді өзгерт, кей уақытта қыртпа, өйтпе-бүйтпе» деп жатады. Өлбетте мың ойланым, жүз толғанып сөйлеген дұрыс-ау. Дегенмен, біз адамбыз ғой, кейде қойып қаламыз. Бірді айтып, екіншіге кетеміз. Дейтұрғанмен, әр тақырыпта астарлы ойлар тұнып жатыр. Оны қалам ұстаған жан байқамау мүмкін емес-ті.

ТҮЙІН:

Адамзаттық құндылықтарға ең бірінші адамгершілік қасиет жатады. Осыдан асырып, әспеттеп айта алмаспыз. Жаңылыссақ та, тез тәубеге келген жақсы. Жаратқан Ием жар болғай!

Дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТАҒЫМ

ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
ЖҰЛДЫЗЫ

Есенғали Раушановтың
құрметіне мемориалдық
тақта орнатылды



Ернұр
РЫСБАЙ

Қазақстанның классик ақыны, мәдениет және қоғам қайраткері Есенғали Әбдіжапбарұлы Раушановтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатына ақынның жақын туыстары, достары және Маңғыстау облысынан келген қонақтар қатысты. Іс-шара барысында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев құттықтау сөз сөйледі.

– Есенғали Раушановтың әрбір сөзінде, әрбір әріпінде құлақта қалатын, ерекше ырғақ бар еді. Артынан өшіпес із қалдырған тұлға. Мықты шәкірттер, жақсы ұрпақ тәрбиелеп қалдырды. Тарихта қалған есімі өшіпес емес. Шығармалары қоғам мәдениетін дамытуға, рухын көтеруге өз үлесін қосып, дәріптеле берсе дейміз. Мектеп қабырғаларында, жоғары оқу орындарында ағамыздың есімі айтылып үлкен деңгейдегі кештер өткізіле береді. Бүгінгі тақтаның ашылуы бір тарихи оқиға, – деді Ғ.Айдарұлы.

Мемориалдық ескерткіштің ашылуына куә болғандар қатарында ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғам қайраткері Темірхан Медетбек пен профессор, педагогика ғылымының докторы Жауынбай Қараев өз ойларымен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді.

– Қазақ поэзиясындағы ірі тұлғалардың бірі осы Есенғали Раушанов болды. Оның рухани өлеңдері ешқашан да тозбайды, халық аузынан түспесі белгілі. Жазған өлеңдері елдің, жердің, қоғам мен әлеуметтік жағдай туралы болды. Халықтың ойында не болса, соның бәрін шығармаларында жазды. Ол абыроймен келіп, абыроймен кеткен ақиық ақын, – деді Т.Медетбек.

– Бұл мемориалдық тақтаның ашылуы үлкен мәдени жаңалық. Ақындық жолына қарайтын болсақ, Есенғали өзінің көкмойнақ жырларымен ерекшеленетін. Талай жарыстардан бәйге бастап дара келетін. Соның арқасында жас кезінен үлкен белестерден көрінетін, көзінің тірісінде классик ақын атанды. Оның жырлары үлкен философиялық категорияларға толы терең мағыналы туындылар. Шығыстың сарынымен жазылатын жыраулық сипатқа ие шығармалары бар. Ол қазір қазақ поэзиясының жұлдызына айналды. Оның жұлдызы Есениннің жұлдызының жанында жарқырап тұр деп айта аламын, – деді Ж.Қараев.

Қазақтың басына біткен дарынды ақыны Есенғали Раушановтың құрметіне қойылған ескерткіш-тақтасы өзі тұрған үйде орнатылып отыр. Мемориалдық тақта орнатылған ғимараттың мекенжайы: «Самал-2» шағынауданы, 42-үй (Мендікұлов көшесінің қиылысы).



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

ҚАШҚЫН



Алматыға 1997 жылдың 16 маусымында әкім болып тағайындалған Виктор Храпунов бұның алдындағы әріптесі Шалбай Құлмахановтың бастамасын, яғни қаладағы тұрғын үйлердің бірінші қабатын шағын және орташа кәсіпкерлікке беруді одан әрі ілгерілетті. Бұған дейін бірнеше жыл қала әкімі болған энергетик шаһардың ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін еді. Содан болар, бұл іске қамшы салдырмай жан-тәнімен кірісті.

Мәселен, шаһардағы үш мыңға жуық дүңгіршектер мен алпыстан аса ұсақ базарларды жауып, олардың орнына заман талабына сай келетін үлкен, шағын маркеттер ашуға бетбұрыс басталды. Келер жылдан бастап жалға беру және тендер өткізу арқылы 293,7 мың шаршы метрді құрайтын нысандар мен пайдаланылмай тұрған орындар есебінен түпкілікті меншікке жалпы көлемі 24,2 мың шаршы метр болатын 27 нысан берілді.

Сонымен қатар, орталық көшелердегі үйлердің бірінші қабаттарына орналасқан жалпы аумағы 40,7 мың шаршы метр тұратын 767 пәтер кәсіпкерлерге теңдей бөлініп берілді. Сондай-ақ, кәсіпкерлерге бұл нысандарды өз қаражаты есебінен жөндеп, таза, күтіп ұстау міндеттелді. Әрине, бұл тірліктің қала өндірісінің тамырына қан жүгірткені сөзсіз.

Алматы қиын кезеңде осылайша шағын және орта кәсіпкерліктің орталығына, тіпті, көшбасшысына айналды десе де болады. Шағын кәсіпкерлікке осынша ден қоюдан басты себебі, әрине, қала бюджетіне кіріс түсіру. Осы ретте қалада тіркелген 30 мыңға жуық орта кәсіпкерліктің тек 8 мыңы ғана салық төлеуге қабілетті болып шықты. Бірақ заң орындарының жаппай араласып, тәртіпті қалпына келтірудің арқасында 1998 жылдың он айы ішінде салық төлеуден жалтарғандардан қазынаға 1 млрд 316 млн 336 мың теңге салық пен айыппұл төленді.

Әрине, мұның бәрі жақсы. Қиын кезде билік тарапынан тығырықтан шығудың түрлі жолдары қарастырылғанымен, бұл бағыттағы алыпсатарлық пен жең ұшынан жалғасу да қатар жүрді. Отандық кәсіпкерлер ауырдың үстімен, жеңілдік астымен жүріп, оңай олжаға кенелуге кірісті. Сырттан дайын өнімдерді әкеліп, отандық өндірісті дамытуға аса пейілді болмады. Мәселенки, минералды сулар Австралиядан, алма Ираннан, сондай-ақ күнделікті тұтынатын шұжық, сары май, қант өнімдері басқа жақтан жеткізіліп, қала қаржысы сыртқа есепсіз шашылды. Кейбір нысандар оның ішінде бала-

бақшаларды жалға немесе сатып жіберу ретсіз жүзеге асырылды. Соның салдарынан бар болғаны жарты жыл ішінде 46 балабақша жекеменшікке өтіп кетті.

Қысқасы, шаһардағы 400-ден астам балабақшадан 199-ы ғана қалды. Храпуновтың тұсында Алматы астана мәртебесінен «айырылып», қырық шақты мекемелер мен министрліктер жаңа астанаға үдере көшті. Сол күндерде әуежайда Зейнолла Қабдоловтың бата беріп тұрған сәтін бейнелейтін бір тарихи сурет болғанын жұрт ұмыта қоймаған болар. Бірнеше нұсқасы бар сол суретті бажайлай қарасаңыз, Храпуновтың да қол жайып тұрғанын көрер едіңіз. Бұдан не түюге болады? Әрине, заманында ел басқарған басшылардың жағымпаздықтан алыс болғанын аз дей алмайсыз. Біз білгенде Храпунов та сол қатардағы алғашқылардың бірі болды деп айтуға негіз бар. Ол да өзгелер тәрізді мақтау, мадақпен бір кісідей ауырды. Қазақша сөйлеген болып, жылы жымып жүріп Алматыны жеті жыл басқарды.

Әдетте әкімді шаруашылықты, өндірісті жақсы білетін, іскер, ұйымдастырушылық қабілетіне қарай таңдап қояды. Сөз жоқ, Храпунов та сол үдеден көрінуге тырысты, басқа әріптестеріндей қабілет-қарымын танытты. Ал ол есесіне басқаларға қарағанда саяси мәселеге де «жетік» екенін байқатты. Олай дейтініміз, оның тұсында Алматының 150 жылдығы тойлауға қатты көңіл бөлінді. Белгілі адамдардың атынан хат дайындап, Президентке жолдамақы болады.

Бір күні сол кездегі тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымының докторы, профессор, еліміздің бас тарихшысы Мәмбет Қойгелдиевті әкімнің орынбасары шақырып, хатпен танысып, қол қойыңыз дейді. Мәкен қол қоюдан бас тартады. Кабинетіне келе сала Мемлекет басшысының атына жеделхат жолдайды. Ол хат сол кездегі Мемлекеттік хатшы Иманғали Тасмағамбетовке тапсырылады. Содан арнайы комиссия құрылып, бұл істі тоқтатады.

Айтпағымыз, сол тұста орыстілді басылымдарда Алматының тарихын Верный бекінісінен бері бастайтын мақалалар жиі шығатын. Ол күні кеше шаһардың мың жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланған соң барып тоқтатады. Бұл бағытта «Алматы ақшамы» көп жұмыс істеді. Газетіміздің маңдайшасына «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деп ұрансөз жаздырдық. Қысқасы, Храпуновтың бұл зәлім ісін кейіннен «Храпуновтың қалпағын қайырып жіберген ғалым» атты мақаламызда бүге-шігесіне дейін жазған болатынбыз.

Өзімізге де обал жоқ, Алматыдай майшелпекті, жіліктің майлы басын жеті жыл қолына ұстаттық. Оның үстіне әйелі ұлттық арнаны басқарып, қалай билеп-төстегенін де әлі ұмыта қойған жоқпыз. Одан кейін де тоқтаған жоқпыз, министр қойдық. «Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды» деген, ақыр соңында талтүсте бірнеше ұшақпен шетелге көшті. Дурысы, қашып кетті. Отыз жыл ішінде ел басқарған талай қашқынды көрдік қой. Соның ішіндегі ең зоры осы болар. Тағы біреу қашып жүр. Ол да Алматыны басқарған.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ЕР МАХАМБЕТ өр ақынның досы мен дұшпаны кім еді?

1839 жыл. Жылай-жылай көзінің жасы суалған құм төбелер ешкімге опа бермеген мына жалған дүниеге тұңғыш рет көңілі қалғандай бүк түсіп, томсырайып жатқан еді. Кенет, өзінің ішкі мұңымен санаспай, кек кернеген кеудесін ат тұяғымен дүбірлеткен шағын топқа аяқастынан долы мінез танытып шыға келді. Тосыннан дауыл көтеріп, айналаны құмнан көз аштырмады. Кең құшағын қанға бояған адамзат атаулыға сес көрсетіп, тәубасына келтіргісі келгендей. Алайда, бұл топтағы адамдардың жазығы жоқ еді. Оң мен солын жоғалтып, айдалада адасып жүргендер – Егорь Петрович Ковалевский бастаған экспедиция мүшелері болатын.



Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК

Ә дегенде ашу танытқан табиғат сабырға келген соң, қайырым жасауды ұмытқан жоқ. Ел қадірін, жер қадірін білетін ұғымтал жандарды адастырмау үшін оларға осы өңірдегі әрбір құм-шағылдың қыр-сырын жақсы білетін сұңғыла қазақты жолықтырды. Қалың тоғай, ну жыныстың іші емес, айдаладағы ашық аспан астында адасқан орыс экспедициясына қолұшын берген ол қазақ – өр ақын ер Махамбет еді.

– Махамбет батырлығымен, ақындығымен қоса, өте сауатты, білімді адам болған. Кезінде орыстың көп адамдарымен дос, жора-жолдас болады. Соның бірі осы Егорь Петрович Ковалевский деген орыс саяхатшысы еді. Олардың мына Ақтөбе аймағындағы Борсық құмында кездесуі өте бір қызықты жағдай болатын. Оны Ковалевский өзінің «Құрлыққа және теңізге саяхат» деген кітабында жақсы айтып кеткен. Махамбеттің ойда-жоқта аяқастынан келіп қалып кездескенін, оның жігерлі де батыл, орысшаға өте сауатты адам екенін жасады. Махамбет оларға қолұшын беріп, көмектесетінін айтқанмен, кейіннен қатты боран соғып екеуі кездесе алмай қалады, – дейді Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, жазушы-драматург Нәбиден Әбуталиев.

Дегенмен, Махамбет пен Ковалевскийдің бұл кездесулері тарихта өшпес із болып қалды. Орыстың белгілі ғалымы, саяхатшы-жазушысы кейіннен өз еңбегінде Махамбет Өтемісұлы екеуінің кездесуіне жан-жақты тоқталған.

Алғаш кездескенде Махамбет өзін таныстыруға асықпайды. Адамның ішкі жан-дүниесін жақсы білетін ол алдымен орыс саяхатшысын жан-жақты әңгімеге тартады. Өзінің кім екенін бірден айтса, атын естігенде шошып кетіп, әңгіменің басқаша сипат аларын білген Махамбет дала философиясы мен Құран сөздерін өз таным-түсінігі тұрғысында те-



реңнен қозғап, салиқалы сөз айтқан.

Шөл дала, қалың құмның арасында шоктай жанған адам Ковалевскийді өзіне әбден тәнті етіп қояды. Өзінің таным-түсінігі мен ішкі жан-дүниесінен әбден хабардар еттім-ау деген Махамбет содан кейін ғана өзін таныстыруды жөн көрген. Ол бейбіт тірлікпен дала кезіп жүрген саяхатшыға «Патшаға кешірім сұрап хат жазғанмен, алып қойған біздің жерлерімізді бәрібір қайтарып бермейді-ау» деген өкінішін жеткізеді.

Жалпы, мұсылманша сауатты, орысшаға жүйрік Махамбет Өтемісұлының орыстан тапқан достары аз емес еді. 1838 жылдың 12 шілдесінде Исатай қаза тапқан соң, Хиуа хандығына кеткен Махамбет 1839 жылы жасырынып Жайықтың бергі бетіне қайта келеді.

1841 жылы наурызда Баймағамбет сұлтан 40 кісі жіберіп, Махамбетті Тілековтің үйінен ұстап алып кеткен. Оның Ембі бойында жасырынып жүргенін хан тыңшысы Мұртаза сұлтан айтып қояды. Содан Махамбет ісі сотта қаралғанда, хорунжий Шустиков деген досы оны ақтап сөйлеген. Бір кездері оның Исатай қолынан босануына Махамбет себепші болған еді.

Махамбеттің Лазаревский деген де досы болды. Ол 1845 жылы күзде Орынборда ашылған орысша-қырғызша мектепке Махамбеттің он жастағы Нұрсұлтан деген баласын оқуға түсіремін деп жүргенде, Махамбеттің бұрынғы істері қайта қозғалып, баланы оқуға қабылдата алмай қояды. Бұрынғы істердің сотта қайта қаралуына Баймағамбет сұлтанның қолшоқпарлары қарап жазған хат себеп болған. Өзінің басқа ой-мақсаттарын бүгіп қалған Баймағамбет «Махамбет әлі де қауіпті адам, бізден аулақ жүрсін» деп қудалайды. Көрі Каспий жағалауында амалсыздан жалғыз үй болып отырған Махамбетке досы Ықылас Төлепов жиі барып тұратын.

Бір күні ойда-жоқта Махамбеттің үйіне суыт жүрісті бір топ атты адам сау ете қалады. Барымталанып кеткен жылқыларды сылтау етіп келгендердің ішінде Ықылас досы да бар еді. Арасында өзінің досы болған соң, Махамбет ешқандай арамдық ойға бара қоймаған болар.

Махамбеттің әкесі Өтемістен тараған ұрпақтың көзі тірі үлкендер жағы бұл әңгіменің жібін үзбей әлі күнге дейін жалғап келеді.

– Келген топтың өзін өлтіруге келіп отырғанын артынан сезген болар, бала-шағаның көзінен аулағырақ кету үшін сыртқа шығып кетеді. Екіндінің кезінде кеткеннен бері хабар болмаған соң, кешке қарай ғана барса, басы жоқ Махамбеттің денесі жатыр екен.

Артында қалғандар мүрдесін сол жатқан жеріне қоюды ұйғарыпты, – деген болатын Махамбеттің ағасынан тараған ұрпақтың бірі Хадиша Қарикызы.

*Махамбеттей мұңдыға
Енді келер күн қайда?
Ханға құрған шатырды
Сұңгімен түртіп ашарға...
Он екі ата Байұлы
Жиылып келсе бұл іске,
Алты сан алаш ат бөліп,
Тізгінін берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке, –*

деген Махамбеттің өмірінде өкініш аз емес еді.

Бәрін қойып ол, тіпті, сөзге құлақ аспайтын, өз дегенін ғана көксеген заңы қатал заманда дүниеге келгенінің өзіне өкінген болар, бәлкім. Басбірліктің жоқтығы, өзара алауыздық пен шенқұмарлық қазақтың түбіне жететінін ер ақын, өр ақын терең түсінген. Жайдың оғына жанылғандай жырлар шығарып қана қоймай, ішкі толғаныс-тебіренісін күймен де өрнектеген ол өзінің өлең-жырларымен егіз деуге болатын 12 күй шығарған. Бұл, әрине, елдің есінде қалғандары ғана болар...

Патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ту ұстап шыққан Махамбет Өтемісұлы бар жақсылықты да сол орыс елінен күтеді. Елдің жайын, жердің жайын ұғар деп сенген. Жәңгір хан айналасындағы пендешілікке салынған қолшоқпарларға қатты кижінеді. Сол үшін де халықтың көзін ашып, ар-намысын оятпақ болады. Алайда, ол кездегі патшалы Ресей саясатын адам түсініп болмайтын.

– Баяғыда Кавказда Шәміл деген болды емес пе, орыстарға қарсы аянбай соғыс ашқан адам. Бірақ патша ұлық көтеріліс жеңіліс тапқан соң, Шәмілді дарға асқан жоқ. Бүкіл отбасымен аман қалдырып, оған жер бөліп беріп, өле-өлгенше мүмкіндік жасаған. Оның ұрпақтарының бәрі орысша оқып, патшаға қызмет етті. Шынын айтқанда, бұл үлкен данышпандық еді. Ал бізде бір Махамбетті сыйдырмай, басын алып тынды. Қарап отырсаң, мұның бәрі өзіміздің ішіміздегі жағдайға байланысты болып отырған дүние, – дейді саясаттанушы Ғарифолла Есім.

Дала заңы қашанда қатал. Қатал болғанымен, бірақ әділдік бар еді. Алайда, астанкестені шығып жатқан заманда отаршылдықтың ықпалымен дала заңының іргесі сөгіліп, әркім оны өз мақсатына пайдалануға көшкен болатын. Адам тағдырын ғана емес, бүкіл ел тағдырын шешетін үкімді де астыртын өздері шығаруға бар еді. Махамбет соның құрбаны болды. Бәлкім, Махамбет өміріндегі ең үлкен өкініш те осы болар.



Т.АХТАНОВ – 100

ҚАЛАМГЕР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласының «Достық үйінде» көрнекті қаламгер Тахауи Ахтановтың 100 жылдық мерейтойы аталып өтті

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Жазушылар одағы, Ақтөбе облысының әкімдігі, Орталық ғылыми кітапхана мен №4 қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тахауи Ахтановтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Тахауи Ахтановтың шығармашылық әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Басқосуға билік өкілдері, қоғам қайраткерлері, әдебиеттанушы-ғалымдар, өнер зерттеушілері, ақын-жазушылар, институттың ғылыми қызметкерлері және қаламгердің ұрпақтары қатысты.

Жиында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанұлы, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтау хатын қала әкімінің орынбасары Арман Оразбайұлы, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың құттықтауын Ақтөбе облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова, ҚР Жазушылар одағы-



ның төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау хатын Одақтың төраға орынбасары Қасымжан Бегманов оқыды. Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Болат Тілепов университеттің түлегі Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған құттықтау сөзін айтты.

Іс-шараны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы Кенжехан Матыжанов жүргізді.

Конференцияда ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы, драматург Дулат Исабеков «Қыранның самғауы», Қазақстанның Халық жазушысы Смағұл Елубай «Тахауи Ахтанов – көркем сөздің хас шебері», М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Нұрдәулет Ақыш «Өмір шындығын нәзік психологизм арқылы жеткізген қаламгер», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институ-

тының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебаев «Жазушы романдарындағы дәуір шындығы», Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Құлбек Ерғөбек «Ақиқатшыл Ахтанов», Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ф.ғ.д., профессор Қансейіт Әбдезұлы «Классик жазушы шығармаларындағы құндылықтар», М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Сәмен Оразғалиұлы «Классик жазушы Тахауи Ахтановтың өмірі мен шығармашылығы», ҚР Халық әртісі, режиссер-драматург Ерсайын Жүнісбекұлы «Драматург спектакльдерінің сахналануы» атты тақырыпта баяндама жасап, қаламгердің шығармашылығы туралы келелі пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, іс-шараға институттың Халықаралық байланыс және әлем әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Светлана Викторовна, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театртану бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан,


М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі Гүлжаһан Орда, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Театр өнерінің тарихы мен теориясы кафедрасының меңгерушісі Анар Сайымжанқызы, Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрының директоры Сайлау Ғалымжанұлы, жазушы-журналист Максат Дүйісмағамбетов, Тахауи Ахтановтың қызы Әсия, ұлы Дулат және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Тахауи Ахтановтың 100 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Боран» романының тұсауы кесілді.

«Тахауи Ахтановтың «Жұлдыз» журналында бірге жұмыс істедік. Қамқорлығын көрдік. Өзінің күйгелектігі болатын, бір кезде шайдай ашылған көңілді мінезі байқалатын. Сол жағынан алғанда өзгелерден көбірек білетін шығармашы», – деді драматург Дулат Исабеков.

ҒАСЫР ДЕРТІ

«NARCOSTOP» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ



«Есірткісіз қоғам құру – еліміздің әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні белгілі.

Осыған орай «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» ұйымдастыруымен «Жоғары жастар кеңесі» ҚБ «NarcoSTOP» жобасы жүзеге асырылды. Аталған жобаның басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулыққа құндылық көзқарасын қалыптастыру, жастар арасында нашақорлық пен ЖИТС-тің таралу факторларын көрсету, балалардың салауатты өмір сүруге деген құштарлығын қалыптастыру.

Жоба аясында жастарға заманауи әдістер мен кейстерді пайдалана отырып, нашақорлықтың алдын алу бойынша «Өмірді мағынаға толтыру» және «Мен денсаулығымға жауаптымын» тақырыптарында семинар-тренингтер өткізілді. Семинарға 400-ден астам жас қатысып, арнайы

мамандардан көкейде жүрген сұрақтарға жауап алды. Сонымен қатар, Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мамандары қатысып, жастарға қылмыстық жауапкершілік, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, оларға қарсы күрес жайлы сөз қозғады.

Сондай-ақ, Жастар арасында синтетикалық есірткінің алдын алуға арналған 300 мың теңгеден 10 шағын грантты жүзеге асыру жұмыстары жүріп жатыр. Аталмыш байқау аясында үкіметтік емес ұйымдар өздерінің жастар арасында синтетикалық есірткінің алдын алуға арналған бастамаларын жүзеге асыру үшін 300 000 теңге көлемінде шағын грантқа ие болады. Биыл жарияланған байқауға жалпы саны 17 өтінім түсіп, 10 жоба жеңімпаз атанды.

Бүгінде бұл жобалар нәтижесінде жастар мен жасөспірімдер арасында «Жан саулығы – тән саулығы» атты сурет, бейнеролик байқаулары және психолог, нарколог және психиатр мамандарының «Нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу – міндет» атты дәрістері өтеді.

Қазіргі қарыштап дамыған заманда кімге де болсын қолдау аса маңызды. Осы орайда мемлекет тарапынан жастарға көрсетілетін қолдаулар қажет-ақ. Уақыт ағынына сай қоғам өмірі тез өзгеріп отырады және бұл өзгерістер адамдардың салауатты өмір салтына әсер етпей қоймайды. Бұл мәселеге ең сезімтал санат – жас ұрпақ. Сондықтан жоғарыда аталған жобалар әрқашан да өзекті.

«NarcoSTOP» жобасы аясында алдағы уақытта да ақпараттандыру іс-шаралары, түрлі акция мен кездесулер өткізу жоспарда бар.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ

мектеп оқушыларының жаман әдетіне айнала бастады

Мектеп оқушылары арасында электронды темекі сәнге айналды. Бұл мәселе ата-аналардың уайымын тудырды. Балалардың жаман әдетке құмар болуына ашық жарнамалар себеп болып отыр.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының қолынан денсаулыққа зиян келтіретін электронды шылымдарды көп байқап жатамыз. Никотиннің арбауына түсіп, тәуелді болып қалатыны айтпаса да белгілі. Ал бұл жаман әдет денсаулыққа орасан зиянын тигізеді. Соның ішінде қатерлі ісікке алып келуі әбден мүмкін. Жас өсіп келе жатқан организм үшін никотиннің әсерінен өсу гормондары бұзылады. Бұл қоғам дертімен күресу жайында №169 мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаңылсын Исимова бөлісті.

– Қазір электронды шылымдарды қолдану белең алып тұр. 5-сыныптың оқушыларынан бастап, жоғары сыныптың оқушылары арасынан да табылып жатыр. Мектепке қызық үшін алып келетін көрінеді. Біз бұл жаман әдетті тоқтату мақсатында жиналыстар, әртүрлі іс-шаралар өткіземіз. Бірінші рет оқушы қолданып ұсталғанда ата-анасын шақыртып, ескерту жасаймыз, екінші рет ұсталған жағдайда, айыппұл салынады. Алайда, былтырғы жылға қарағанда, быыл ондай фактілер аз кездесіп отыр. Электронды шылымның денсаулыққа тигізетін зиянын барынша насихаттап келеміз, – деді Ж.Исимова.

Мамыр айында мәжіліс депутаты Нұргүл Тау бұл мәселені көтеріп, баян-

дама жасаған болатын. Ол жастар мен оқушылардың арасындағы үлкен мәселе екенін алға тартқан.

– 2021 жылдан бері Денсаулық сақтау министрлігі электронды темекілерге тыйым салу мәселесін көтеріп келеді. Өкінішке орай, мәселе әлі шешілер емес. Сонымен қатар, сатушылар заңды сақтамай, никотин өнімдерін ашық жарнамалап отыр. Балалардың көзі көретін жерде, тіпті тәттілердің жанына орналастырып қояды. Бұл, әрине, дұрыс емес, – деді Н.Тау.

Мектеп оқушыларының қолына бұл зиянды заттар сатушылардың жауапсыздығының салдарынан түсіп отыр. Темекі өнімдерін ашық жарнамалау, балаларды қызықтыру, олардың жас мөлшеріне қарамай сату балаларға жасалған қиянат. Мұндай жауапсыздық болашақ ұрпақтың денсаулығына зиянын тигізеді. Бұл мәселе көп ұзамай оң жауабын табады деген үміттеміз.

Еске сала кетейік, электронды шылымдар 2006 жылы Еуропада шыға бастаған болатын. Әлемде аз уақыт арасында сәнге айналып кетті. Кейіннен көптеген мемлекетте зерттеліп, тыйым салынған. Ең бірінші болып тыйым салған мемлекет Түркия еді, олар никотин 4800 улы химиялық элементтердің қатарына енетінін алға тартып отыр.

Әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatauqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503

Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекіткіштің иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫТҮ МАУСЫМЫНДА

69 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
34 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,05% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің ауынуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% деңгейі Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр


Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



Дәрігер шақыру

Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



ЦИФРЛАНДЫРУ

QR-КОД

арқылы енді медициналық қызметтер де көрсетіледі

Денсаулық сақтау министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесіп, пациенттің QR-код арқылы медициналық қызмет алу фактісін растау жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты.

Пилоттық жобаға Астана, Алматы қалаларының және Солтүстік Қазақстан облысының медициналық ұйымдары қатысады.

тары мен принциптері, ЕБҚ бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, үлгілік білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру тәртібі, технологиясы, білім берудің жеке бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібі және ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту, жалпы білім беретін ұйымдағы педагог-ассистент қызметінің мазмұны, педагог-ассистенттің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды зерттеп-қарауды ұйымдастыру тәртібі, Тексеру нәтижелерін құжаттау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алушылардың даму ерекшеліктері, оқу қиындықтарының түрлері, оның ішінде аутизм спектрі бұзылған білім алушылар, ЕБҚ бар балаларға арналған жеке дамытушы бағдарламалар жасалады.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беруді енгізуді ескере отырып, мектепті дамыту жөніндегі жоспардың жеке және топтық жобасын әзірлеу әдістемелері ұсынылды. Мұның бәрі психологтардың, арнайы педагогтардың, логопедтердің ситуациялық міндеттерді талдауымен бірге шешудің зерттелген әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

Ботағоз НҰРМАҒАНБЕТОВА,
педагогика ғылымының кандидаты.

Инклюзивті білім берудің тиімді тәсілі

Алматыда «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» ҚҚ Алматы қаласы Білім басқармасымен бірлесіп инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру курсы өткізді.

Оған Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектеп директорлары, мектеп директорының орынбасарлары, психологтар, арнайы педагогтар, логопедтер, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері қатысты.

Аталмыш курс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қаңдағы №726 қаулысымен бекітілген «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасы, «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» және «2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру» жөніндегі Жол картасында көрсетілген маңызды міндеттерді шешуді мақсат етіп отыр.

Жобаны іске асырудың негізгі мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті практиканы ұйымдастыру және инклюзивті білім берудің халықаралық практикасын зерделеу арқылы педагогтардың кәсіби дағдыларын жетілдіру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы инновациялық тәсілдер мен жаңа шешімдер (ЕБҚ); Алматы қаласының мектептерінде инклюзивті білім беру бойынша білім беру қызметтерінің сапасын арттыру болып отыр.

Арнайы курс аралас форматта өтті. Онлайн-дәрістер офлайн оқытумен жалғастырылып, қазақстандық жетекші мамандардың, сондай-ақ М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік университетінің инклюзивті білім беру институтынан келген халықаралық сарапшылардың қатысуымен тренинг-

тер, интерактивті дәрістер, шеберлік сыныптары түрінде өткізілді.

Курстар бағдарламасында инклюзивті білім беру саясаты мен әдіснамасын, инклюзивті білім беру саласындағы отандық және халықаралық заңнамалық базаны, ЕБҚ бар балалар топтарының психологиялық-педагогикалық сипаттамасын, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін, ЕБҚ сипаттамасын, жалпы білім беру ұйымдарында ЕБҚ бар балалар үшін арнайы жағдайларды ұйымдастыруды, бағалау алгоритмін көрсететін тақырыптар бар.

Сонымен қатар, ЕБҚ және ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау, балаларды оқытудың ерекше қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жіктеу, жалпы білім беру ұйымдары психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің балаларды оқытудағы қиындықтарын анықтау және бағалау, ЕБҚ бар балалармен жеке-дамытушылық жұмыстың мақсат-



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VР00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚАУЫС» АМАЛЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Қыс хабаршысы болып саналатын қараша айы ортасынан ауды. Жерде қырау, елде тұмау, бірақ қар жоқ...

Өткен аптада күннің шуағы мол болды. Оқта-текте ертелі-кеш соққан желді айтпасақ, апта жылы болды деуге толық негіз бар. Бірақ аптаның соңғы күндері ауаның райы бұзылды. Аспан бұлттанып, күннің көзі бұлыңғыр тартты. Жауын-шашын орын алды, таңертеңгілік жер бетін қырау жапты. Мұның бәрі, әрине, ай тоғысының әсері еді. Ай күнтізбесі бойынша қарашаның басынан ай тола бастады. Тәжірибеден көріп жүргеніміздей, айдың басында (туғанда), ортасында (толғанда) және соңында ауа райында өзгеріс болады.



жауған қардың ақ, жеңіл, жұмсақ болатындығына байланысты аталса керек.

Күн шығыстан шығып, батыстан батады, жаңа ай батыстан туып, батыстан батады, мұның сыры неде? Бұл табиғаттың заңдылығы. Өйткені, күн мен ай қозғалмайды, жер оларды айналып жүреді. Әлемнің бұл сырын атам қазақ баяғыда-ақ біліп, көңіліне түйіп қойған. Қазіргі заманғы астрономия ғылымы мұны ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, нақтылады.

Бабаларымыз Жер шарын оңтүстік және солтүстік деп екіге бөліп, сол бойынша ауа райына болжам жасаған. Сол

өлшем бойынша біз солтүстік жарты бетіне орналасқанбыз. Күн нұры осы жарты шардың 27-23 градустық ендігіне түскенде жаз маусымы басталады (маусым айының 21-22 күндері). Ал жаз маусымы өткеннен кейін күн нұры біртіндеп жер шарының оңтүстік жарты бетіне қарай ауытқып, оңтүстік ендік 23–27 градусқа түседі де, солтүстік жарты шарда қыс болады (желтоқсанның 21-22 күні). Осыдан кейін күн нұры қайтадан жер шарының солтүстік жағына (бетіне) өтіп, қыс пен жаз екі жарты шарда осылайша

қайталанып отырады. Бір жылда күн нұры екі рет экватор белдеуіне түседі, бұл кезде көктем, күз маусымдары келеді. Жыл бойы төрт маусым өзара ауысып тұрады. Маусымдардың ауысуы табиғат дүниесінің гүлденуі мен адамзат тіршілігі үшін өте маңызды әлемдік құбылыс.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін қарашаның – 16-сы. Ай жүйесі бойынша, желтоқсанның – 2-сі. Қазақша есепке сүйенсек, енді 13 күннен кейін қараша айы келеді. Апта айдың басын, ортасын қамтып тұр. Бұл көрініс алдағы аптада Алматыда айтарлықтай ауа райы өзгермейтінін

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Күн мен Айдың қозғалысына қарап жасалған жорамал:

* Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.

* Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.

* Айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ туса, онда сол ай жауын-шашынды, желді, борасынды болады.

* Бұрынғысынан үлкендеу көрінсе, сәулесі қызғылт болса, жауынның белгісі.

* Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатындығын, ашық болса, шуақты болатындығын білдіреді.

білдірсе керек. Бірақ жаңбыр жаумай қалмайды, аптаның соңғы күндері ол көрініс береді. Күн өткен аптаға қарағанда недәуір суытады. Тіпті, өзен, көлдерде су қату процесі орын алады. Алда «Үлкен қараша» амалы бар. Қыстың алғашқы хабаршысы іспетті өзімен бірге қар, дауыл, ызғар ала келетін қаһарлы амалдардың бірі...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қауіпті амалдардың бірі – «Қауыс» амалы. «Қарашада қауыс бар, кәрі-құртанды тауысар» немесе «Қараша-қауыс, кәрі-құртанды тауыс» деген амалға қатысты мақал-мәтелдердің өзі бұл сөзімізге дәлел болғандай.

Басқаша аталуы – ақ қар. Осы кезде

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

Бір топ зерттеуші-сарапшы 4–8 жас аралығындағы балаларға «Махаббат деген не?» деген сауал тастайды. Сонда өрендердің берген жауаптары үлкендер күткендегіден әлдеқайда терең мағыналы болып шыққан.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Менің апам артритпен ауырғанда, өздігінен еңкейіп, тіпті аяғының тырнақтарын бояй алмай қалды. Сонда атам өзі де артритпен ауырып тұрғанына қарамастан апамның тырнағын ылғи бояп береді. Мұндайды махаббат дейді».

«Сені біреу жақсы көретін болса, онда оның сенің атыңды айтқандағы дауысы басқаша шығады. Сонда өзіңнің есіміңнің оның аузының ішінде, қауіпсіз жерде екендігін білесің».

«Егер сен біреуді сүйсең, онда кірпіктерің бір көтеріліп, бір түседі. Сонда сенен кіп-кішкентай жұлдызшалар ұшып шығады».

«Махаббат дегенді, мәселен, бір жерге тамақтануға барғаныңда, біреуге қуырыл-



(Сурет ашық дереккөзден).

ған картобыңның көп бөлігін оның орнына бірдеңе дәмеппей-ақ беру деп білемін».

«Мені әпкемнің жақсы көретінін білемін. Себебі, ол барлық бұрынғы киімдерін маған береді де, амалсыздан өзіне жаңа киімдер сатып алуға дүкенге кетеді».

«Егер сен бір ұлға оның жейдесінің ұнайтындығын айтсаң, сосын ол сол киімді күнде үстінен тастамай киіп жүрсе, сол махаббат».

«Махаббат дегеніміз – егер сен таңертен күшігіңді өзіңмен бірге ертпей, таңнан кешке дейін үйде жалғыз қалдырып кетсең, соны да елемей, оның жүгіріп келіп бетінді жалауы».

«Фортепиано концертінде сахнаға шыққанымда қатты қорықтым. Залдағы адамдардың бәріне қарап тұрғанымда, маған қолын бұлғап, жымыып отырған әкемді көзім шалды. Бүкіл залда маған солай істеген тек әкем ғана болды. Содан соң мүлдем қорықпадым».

«Анам әкеме арнап кофе әзірлегенде, оның дәмділігіне көз жеткізу үшін алдымен өзі бірінші болып ішіп көруі, міне, махаббат дегеніміз сол».

КІШКЕНТАЙ
КӨРШІНІҢ КӨМЕГІ

Бала деген – ең адал, кіршіксіз тұлға. Ол ойындағысын бүкпесіз, сол қалпында жеткізе білетін жалғыз таза адам. Бірде жазушы және лектор Лео Бускалья өзі қазылық еткен бір байқау туралы қызықты жайтты айтқан екен.

Өлгі байқаудың мақсаты ең қамқор баланы анықтау болыпты. Сонда «ең қамқор бала» мәртебесін 4 жастағы балдырған иеленіпті. Ол жуырда ғана кемпірі қайтыс болған қарияның ең кішкентай көршісі болып шықты.

Ұзақ жыл отасқан жары бақилық болып, еңсесі түсіп, екі иығы қушып, сопылып, жалғыздан-жалғыз кемсеңдеп жылап отырған қартты көрген әлгі бала оның ауласына именбей кіріп барып, қарияның тізесіне жайғасып алып, көздері жытылықтаған күйі үн-түнсіз отыра берген. Балақайдың шешесі ұлынан:

– Балам, көрші атайға не айттың?
– деп сұрағанда, балдырған:
– Ештеңе. Мен тек атаның жылап алуына көмектестім, – деген екен.